

**«Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі
Бұланды ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
КГУ «Общеобразовательная школа села Буланды отдела образования по району Биржан сал
управления образования Акмолинской области»**

ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ МАТЕРИАЛДАРЫ

**Бұланды ауылы
2024-2025 оқу жылы**

Мазмұны

1-тарау. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер.....	2
2- тарау.Кадрлық құрамға талдау.....	3
3-тарау. Білім алушылар контингенті.....	64
4-тарау. Оқу-әдістемелік жұмыс.....	68
5-тарау. Оқу материалдық активтер	162
6-тарау. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор	165
7-тарау. Білім алушылардың білімін бағалау	178
8-тарау. Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы.....	185
9-тарау. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары.....	189
10-тарау. Қорытындылар мен ұсыныстар	189

**«Ақмола облысы білім басқармасының
Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі
Бұланды ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»
КММ-нің өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша қорытындысы**

I тарау. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер

«Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі Бұланды ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

I.1 Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі – Заң) басшылыққа ала отырып, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен мектептің өзін-өзі бағалау жұмыстары 2025 жылғы 28 наурыз күнгі кезектен тыс педагогикалық кеңесінің шешімімен бекітілген аттестаттау комиссиясымен (бұдан әрі – комиссия) келесі құрамда өткізілді.

http://sc0018birzhansal-aqmo.edu.kz/public/files/2025/7/2/020725_192606_o-raspredelenii-obyazannosti.pdf

Бұйрық

https://sc0018birzhansal-aqmo.edu.kz/public/files/2025/7/1/010725_224957_dokument-56.pdf

Білім беру ұйымын аттестаттау туралы педагогикалық кеңес

Смайлова Бикеш Сагиевна – «Бұланды ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ директоры, комиссия төрайымы;

Долий Саулеш – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;

Пшимбаева Лаура Кабдуллаевна – директордың тәрбие ісінің орынбасары, комиссия мүшесі;

Колпакова Галина Викторовна – тарих-география пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі;

Адий Аманжол – химия және биология пәнінің мұғалімі;

Комиссиямен Бағалау өлшем шарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

«Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі Бұланды ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді. Талдау барысында 2024-2025 жылдар барысындағы мектеп қызметі сарапталды.

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет және құрылтай құжаттары:

Білім беру мекемесінің толық атауы: «Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі Бұланды ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Заңды мекен-жайы: 020708, Қазақстан Республикасы Ақмола облысы Біржан сал ауданы, Бұланды ауылы Бауыржан Момышұлы 28.

Заңды тұлға: «Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі Бұланды ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Байланыс телефоны: 8 (71639) 3-02-73

Электрондық мекен-жайы: bulandy@bk.ru

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)

https://sc0018birzhansal-aqmo.edu.kz/public/files/2025/7/1/010725_224258_prikaz-na-direktora-2.pdf

Мектеп директоры Смайлова Бикеш Сагиевна 1997 жылы 03 қыркүйектен бастап Еңбекшілдер аудандық білім бөлімінің №42/14 бұйрығымен Бұланды ауылының жалпы білім беретін мектебі» КММ басшысы қызметіне тағайындалды.

Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары

«Бұланды ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің басқару органы - «Ақмола облысының білім басқармасы»; Құрылтайшысы «Ақмола облысының әкімдігі».

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2021 жылдың 22 қаңтарында берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні 2002 жыл 03 желтоқсан. Қабат саны-2, құрылыс ауданы-3440 ғимараттың ауқымы-7489,6 м², жалпы алаң-20000 м², салынған жылы-2025 жыл.

«Бұланды ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде 22.01.2021 жылы тіркеліп, Ақмола облысының әкімдігінің 2021 жылғы 05 қаңтар №А-1/3 қаулысымен бекітілген;

http://sc0018birzhansal-aqmo.edu.kz/public/files/2025/7/2/020725_002304_25409232686193603676.pdf

Бизнес идентификациялық нөмірі - **021240004203**

Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарлама талоны):

Жалпы негізгі білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін мемлекеттік лицензия: 08 ақпан 2021 жылғы KZ58LAA00022437 мерзімі – шектелмеген

Оқыту тілі: Қазақша және орысша.

Оқу ауысымы: 1

2-тарау. Кадрлық құрамға талдау

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына критерийлер:

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын сақтау.

Педагог кадрлармен жасақталғандығы туралы мәліметтер.

http://sc0018birzhansal-aqmo.edu.kz/public/files/2025/7/1/010725_234356_sapaly-tzm-2022-2023-010922-gh.pdf

http://sc0018birzhansal-aqmo.edu.kz/public/files/2025/7/1/010725_234236_kachestvennyyispisok20232024uchgod2.pdf

http://sc0018birzhansal-aqmo.edu.kz/public/files/2025/7/1/010725_234322_pravilynokachestvennyyispisok20242025sapalytmdkso.pdf

http://sc0018birzhansal-aqmo.edu.kz/public/files/2025/7/1/010725_234322_pravilynokachestvennyyispisok20242025sapalytmdkso.pdf

http://sc0018birzhansal-aqmo.edu.kz/public/files/2025/7/1/010725_234322_pravilynokachestvennyyispisok20242025sapalytmdkso.pdf

Педагогтердің білімі туралы құжат, қайта даярлау туралы сертификаттар;

http://sc0018birzhansal-aqmo.edu.kz/public/files/2025/7/2/020725_040006_kopiya-diplomov.pdf

2-қосымша

Бағаланатын кезеңдегі педагогтердің штаттық кестесі және тарификация (3 жылға)

http://sc0018birzhansal-aqmo.edu.kz/public/files/2025/7/2/020725_111719_tarifikacionnyi-spisok-202220232024-1.pdf

3-қосымша

Білім беруді жаңғырту жағдайында оқытудың барлық үлгілері білім беру сапасын арттыру функциясын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін мемлекеттік білім беру стандарты негізінде іске асырылады.

Білім беру сапасын арттыру мұғалімнің дайындық деңгейі мен кәсібилігіне, оның құзыретіне тікелей байланысты, сондықтан педагог кадрларды қайта даярлауға көп көңіл бөлінеді. Мұғалімнің кәсіби шеберлігіне де елеулі талаптар қойылады.

Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға «Өрлеу», АҚ «Біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы» және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Педагогикалық шеберлік орталығы» базасында біліктілікті арттыру курстары ықпал етеді.

Мектеп әкімшілігі кадрлардың біліктілігін жоспарлы түрде арттыруды қамтамасыз етеді. Біліктілікті арттыру курстарынан өтудің перспективтік жоспары жүргізілуде. Штаттық кестеге сәйкес мектеп әкімшілігінде директор саны – 1, директордың оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары – 1, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары – 1.

Әкімшілік-басқару аппаратының құрамы туралы мәліметтер:

Мектеп директоры

Смайлова Бикеш Сагиевна. Білімі - жоғары. Жұмыс өтілі- 37 жыл. Биология пәні бойынша педагог-зерттеуші мұғалім және аудандық мәслихат депутаты. Бұл мектепте 1997 жылдан бастап директор лауазымында жұмыс істейді. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай білім саласына қосқан айрықша еңбегі үшін «Жылдың үздік директоры -2021» атты төсбелгісімен, «Білім және Ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталды куәлік № 1343. Кәсіподақ төрайымы М.Амантаеваның 01.03.2019ж; «Кеңес әскерінің Ауғаныстаннан шығарлуына 30 жыл» № 732 мерекелік төсбелгісімен марапатталған. 18.10.2018 ж.

ҚР БЖҒМ –нің Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытуға қосқан зор жеке үлесі үшін марапатталды Алғыс хат. 18.08.2017ж.

ҚР БЖҒМ –нің Қазақстан Республикасының білім беру саласында жас жеткіншектердің тәрбиесі мен кемел келешегіне ықпал етіп, сапалы білім, саналы тәрбие берудегі еңбегі үшін Құрмет грамотасымен марапатталған. 05.10.2018ж.

2023 жылы «Жыл директоры» Дипломмен және Аудандық білім бөлімінен Алғыс хаттармен марапатталған.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

Долий Саулеш (1 бірлік) білімі - жоғары. Бітірген оқу орыны: Қостанай гуманитарлық институтын қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірген. Еңбек өтілі-25 жыл. Пән бойынша санаты: "педагог-модератор" 2023ж, 2021 жылдың бастап оқу ісінің меңгерушісі.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Пшимбаева Лаура Кабдуллаевна(1 бірлік), директордың ТІ жөніндегі орынбасары. Білімі: жоғары. Бітірген оқу орны: Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, 2015 ж. Мамандығы: Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Санаты-педагог-модератор, педагогикалық өтілі-12 жыл. Директордың тәрбие-ісі бойынша орынбасары лауазымындағы өтілі-1 жыл. Аталмыш мектепте 2023 жылдың қыркүйектен бастап жұмыс істейді.

Оқу жылдары	1-4 сыныптар				5-11 сыныптар			

	Мұғалімдер саны	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Мұғалімдер саны	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор
2022-2023	6	0	0	4 (66,6%)	24	3 (12,5%)	8 (33,3%)	10 (42%)
2023-2024	5	0	1(20%)	3(60%)	26	3(12%)	4(15%)	11(42%)
2024-2025	6	0	1 (17%)	4 (66,6%)	26	3 (12%)	8(31%)	12 (46%)

Мұғалімдердің білім деңгейі

Оқу жылдары	1-4 сыныптар			5-11 сыныптар		
	Мұғалімдер саны	Жоғары білімді	Арнайы орта білімді	Мұғалімдер саны	Жоғары білімді	Арнайы орта білімді
2022-2023	6	2 (33,3%)	4(66,6)	23	17 (74%)	3 ((12,5%)
2023-2024	5	4(80%)	1(20%)	27	25 (93%)	2 (8%)
2024-2025	6	6(100%)	0	25	24 (97%)	1(3%)

Бастауыш сыныптардағы 6 мұғалім 100% жоғары білімді, 5-11 сыныптардағы 25 мұғалімнің 24 і жоғары білімді (97%), арнаулы орта білімі бар 1 мұғалім (3%)

Санаттары:

Бастауыш мектеп:

Бастауыш білім беру деңгейіндегі мұғалімдердің педагог сарапшылардың үлесі- 83%

Бастауыш сыныптарда барлығы – 6 мұғалім жұмыс істейді. Оның ішінде

Педагог-зерттеуш-жоқ

Педагог-сарапшы-1

Педагог-модератор-4

Педагог-1

Орта мектеп

Педагог- зерттеуші -3 (12%)

Педагог-сарапшы-8 (31%)

Педагог модератор-12 (46%)

Педагог-2 (7%)

Категориясыз-1 (3%)

Ағымдағы оқу жылында мектепте 32 мұғалім жұмыс істейді. Оның ішінде – 31 мұғалім жоғары білімді (97%), арнайы орта білімді 3%.

Мектепте қоса атқарушы қызметін атқаратын 3 мұғалім бар. Куанышев Даурен Каиржанович- АӘД пәнінің мұғалімі, еңбек өтілі- 9 жыл, педагог –модератор, оқу жүктемесі- 8 сағат. Негізгі жұмыс орны- Бұланды ауданы Қараөзек орта мектебі. Айтуган Амангелд-әнкүй пәнінің мұғалімі, еңбек өтілі- 9 жыл, педагог –сарапшы, оқу жүктемесі- 8сағат. Негізгі жұмыс орны- Бұланды ауданы Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицей.

Кусаинов Хайргелд Тулегенович- еңбек пәнінің мұғалімі, еңбек өтілі- 2 жыл, педагог. Негізгі жұмыс орны- Бұланды ауданы Макинск қаласы мектеп-лицей.






Жас бойынша сапалық құрамы:

Мұғалімдердің орта жасы- 31,


Зейнеткерлер саны- 2

Жас мамандар- 3

Жасы	2022-2023	2023-2024	2024-2025
20 дан 30-ға дейін	5	7	8
31-ден 40-қа дейін	12	10	7
41-ден 50-ге дейін	4	4	6
51 және одан жоғары	9	11	10



Жасы бойынша педагогикалық ұжым келесі құрамдағы педагогикалық ұжымды көрсетеді. Орташа жасы – 31- 40 жас. Жас құрамын талдау мектептің оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге және өзара әрекеттесуіне жас және орта буын мұғалімдері, сондай-ақ тәжірибелі мұғалімдер арасынан жеткілікті әлеуетке ие екенін көрсетеді.



«Lesson Study» бойынша есеп

«Lesson Study» бойынша зерттеу жұмысын қазақ және орыс сыныптарда өткізетіндіктен, екі тілде де анализ жаздық.

2022-2023 оқу жылы

Жыл сайын мектебімізде «Lesson Study» тобы өз жұмысын жоспарға сай жүргізіп отырады.

Мектепте «Lesson Study» тобы бойынша Ақмола облыстық «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының ұйымдастырған желілік қауымдастығына қатысатын мұғалімдер бар. Бұл қоғамдастық жұмысының мақсаты – практикум, коучинг, шеберлік сыныбы, ашық сабақтар – деңгейлік оқыту идеяларын енгізу бойынша мұғалімдердің кең өзара әрекеттесуі.

2022-2023 оқу жылында 5-8 сынып оқушылар арасында оқу және оқытудың мәселесін анықтау мақсатымен «Lesson Study» тобының жетекшілері химия-биология пәнінің мұғалімі Адий Аманжол мен тарих-география пәнінің мұғалімі Колпакова Г.В оқушылар арасында және мұғалімдер арасындағы оқыту мен өзін-өзі жетілдірудегі мәселелерді анықтау мақсатында мұғалімдер арасында сауалнама өткізді.


Осы оқу жылында 29 мұғалімдер арасында «TALIS» сауалнамасын жүргіздік.

«TALIS» сауалнамасында «соңғы 18 айда кәсіби дамудың келесі түрлерінің біріне қатыстыңыз ба, сонымен қатар алған дағдыларыңыз сіздің педагогикалық тәжірибеңізге қалай әсер етті?», «Кәсіби дамудың өзіндік қажеттіліктері туралы ойлана отырып, осы салалардың әрқайсысында сізде осындай қажеттіліктер қаншалықты бар екенін көрсетіңіз?», «Осы мектепте алған тәжірибелеріңіз тікелей өзгерістерге немесе олардың кез келгеніне қатысуға әкелді ме?» деген сұрақтар талқыланып, әр сұрақтар бойынша диаграмма жасалды:



- Соңғы 18 айда 24 мұғалім курс өтіп, күшті әсер алғанын диаграммадан көруге болады. Сонымен қатар кәсіби дамудың барлық түрлеріне мұғалімдер белсенді қатысады.

1. Сіз соңғы 18 айда кәсіби дамудың келесі түрлерінің біріне қатыстыңыз ба, сонымен қатар алған дағдыларыңыз сіздің педагогикалық тәжірибеңізге қалай әсер етті?



а) курстар / семинарлар (мысалы, пәндер мен оқыту әдістері және / немесе оқытуға қатысты басқа тақырыптар бойынша)



б) білім беру мен конференциялары мен семинарлар (мұғалімдер және / немесе зерттеушілер өз нәтижелерін ұсынады, зерттеу, білім беру мәселелерін талқылау)





в) біліктілік бағдарламасы (мысалы, дәреже бағдарламасы)





г) басқа

мектептерге таныстыру сапарлары





д) мұғалімдердің желілік қауымдастығына қатысу үшін арнайы жасалған мұғалімдердің біліктілігін арттыру






е) жеке немесе сізді қызықтыратын тақырыптар бойынша бірлескен зерттеулер




ж) әріптестердің Менторингі және / немесе байқауы коучинг мектептің ресми бөлігі ретінде іс-шаралар




18. Кәсіби дамудың өзіндік қажеттіліктері туралы ойлана отырып, осы салалардың әрқайсысында сізде осындай қажеттіліктер қаншалықты бар екенін көрсетіңіз?


а) өзінің негізгі пәні бойынша оқытудың мазмұны мен стандарттары




б) оқушыларды бағалау әдістемесі



в) сыныптағы жұмысты басқару




г) менің негізгі пәндік саладағы білімім мен дағдылар




д) Менің негізгі пән(дер) бойынша оқыту тәжірибесін білу және түсіну (біліммен бөлісу)




е) оқыту үшін АКТ саласындағы дағдылар




ж) арнайы оқушыларды оқыту қажеттіліктері




з) оқушының тәртібі және мінез-құлықтың проблемалары




и) мектеп басқармасы және әкімшілік



к) мәдениетаралық ортада оқыту




л) Оқушыларға кеңес беру




24. Осы мектепте алынған төмендегілердің бағалары және/немесе шолулары тікелей өзгерістерге немесе олардың кез келгеніне қатысуға әкелді ме?


а) сынып жетекшілігінің тәжірибесі




б) сіздің біліміңіз бен түсінігіңіз сіздің профиль элементіңіз




в) Сіздің біліміңіз және бейіндеуші пәннің оқыту практикасын түсінуіңіз



г) жақсарту жоспарын әзірлеу немесе дайындау оқыту




д) оқытудың ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды оқытуыңыз



е) сіздің оқушының тәртібі мен мінез-құлқына деген көзқарасыңыз



ж) сіздің оқушыларға мәдениетаралық орта сабақ беруіңіз



3) сіз

оқытуда оқушылардың тестілік бағаларын жақсартуға назар аударасыз



Оқушы мен мұғалімдерге сауалнама жүргізіп, оны қорытындылай келе, бастауыш сынып мұғалімі Сапарбек Назирангүл «Lesson Study-зерттеудің тиімді тәсілі» тақырыбында мұғалімдермен коучинг өткізді. Мақсаты: Оқушыларды оқытуға көңіл аудара отырып, оқытуды жетілдіру және оның сапасын арттыру құралы ретінде мұғалімдерге Lesson Studyді ұсыну. «Lesson Study» дегеніміз не? деген тақырыпта ой қозғау мақсатында сұрақ-жауап алдым. Қатысушылардың ойлары тыңдалды. Көп мұғалімдердің бұл тәсіл туралы хабары жоқ екені анықталып, енді оларға топта жұмыс істеу үшін «Lesson study-ді» жүргізу әдіс- тәсілдерін оқып, танысуға арнайы мәтіндер үлестіріліп берілді. Lesson Study тәсілі тиімді, себебі ол мұғалімдерге: әдеттегіге қарағанда балалардың білім алғандығының анағұрлым анық, әртүрлі қырларынан және егжей-тегжейлі дәлелін көруге; мұғалімнің пікірі бойынша балаларды оқыту барысында не болуға тиіс, ал шындығында жағдай қандай екендігі арасындағы айырмашылықты көруге; оқытуды нәтижесінде оқушылардың қажеттіліктерін барынша қанағаттандыратындай етіп қалай жоспарлау керектігін түсінуге; Lesson Study-ді басты мақсаты оқушыларға білім алуға көмектесу және топ мүшелерінің кәсіби дамуына ықпал ету болып табылатын мұғалімдердің желілік қоғамдастығы аясында іске асыруға; Lesson Study мүмкіндіктерін өзінің педагогикалық тәжірибесінде қолдануға көмектеседі.

Коучингтен соң бақылайтын сынып оқушылары мен тізбектелген сабақтар беретін мұғалімдерді анықтап «Lesson Study зерттеу тобы» құрылды.

2022-2023 оқу жылындағы Lesson Study бойынша зерттеу сұрағы:

1. Оқу мен оқытуда бағалау арқылы білімді дамытуға бола ма?

2. Оқытуда белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқушының қызығушылығын арттыру оқу мотивациясын жетілдіруге бола ма?

«Lesson Study зерттеу тобының» құрамына жетекші ретінде химия-биология пәнінің мұғалімі Адий Аманжол, оқу-ісінің меңгерушісі Долий Саулеш, математика пәнінің мұғалімі Шерипхан Айнахан, орыс тілі пәнінің мұғалімі Нурмаганова М.С, география пәнінің мұғалімі Оразбекова А.Қ, қазақ тілі пәнінің мұғалімі Жунусова К.Т, кіреді. «Lesson study» тобының алғашқы отырысы өтіп, бақылайтын сынып ретінде 5 А сынып пен оқушылар таңдалды:

1. А оқушы «Олжабай Жансұлтан» үлгерімі жақсы оқушы;

2. В оқушы «Амангелді Ерсайын» үлгерімі екпінді оқушы;

3. С оқушы «Альмуратова Арайлым» үлгерімі төмен оқушы.

«Lesson Study» бойынша құрылған тізбектелген сабақтар топтамасы:

Аты-жөні	Сабақтың тақырыбы	Сынып	күні

Математика пәнінің мұғалімі Шерипхан Айнахан	LS 1-сабақ: Ондық бөлшектер. Ондық бөлшектерді оқу және жазу	5	19.01
Орыс тілі пәнінің мұғалімі Нурмаганова М.С	LS 2-сабақ: Чудо музыки в творчестве К.Г. Паустовского	5	23.01
география пәнінің мұғалімі Оразбекова А.Қ	LS 3-сабақ: Энергия түрлері	5	25.01

Сабаққа өзіміздің зерттеу тобындағы мұғалімдермен қатар басқа да мұғалімдер қатысты. Зерттеу тобы А В С деңгейі бойынша зерттеуге алған 3 оқушыны бақылап, әр сабақтан соң оқушымен сұхбаттасып, келесі сабақ жоспарын құрғанда оқушы пікірін ескеріп отырдық. Оқушымен сұхбаттасуда «Сабақ саған ұнады ма?», «Бүгінгі үйренгенің болашақта қажет болады деп ойлайсың ба? Неліктен?», «Осы тақырып (мәселе) бойынша тағы да не білгің келеді?», «Бұл тақырыпты ашуда сенің үлесің қандай болды деп есептейсің?», «Сабақта қандай әрекеттер атқардың?», «Топпен жұмыс қандай деңгейде өтті деп ойлайсың? Неліктен?», «Өз жұмысыңа қанағаттанасың ба? Яғни көңілің толды ма?» деген сұрақтар қарастырылды.

Бірінші сабақ нәтижесінде жалпы сыныптағы әр түрлі деңгейдегі оқушылар бойынша өзгерістерді анықтап, төмендегідей қорытынды жасалды:

С деңгейіндегі оқушы:

- Сабақтағы ынтасы орташа болды, тапсырмаларды орындауда қиындық тудырды.

В деңгейіндегі оқушы:

- Алған білімін қолданып, қосымша материалдармен жұмыс жасай алды;

А деңгейіндегі оқушы:

- Топта жұмыс істеу дағдылары қалыптасқан, ағылшын тілінде диалогқа түсе алады.

Тізбектелген сабақтар нәтижесінде жалпы сыныптағы әр түрлі деңгейдегі оқушылар бойынша өзгерістерді анықтап, төмендегідей қорытынды жасалды:

С деңгейіндегі оқушы:

- Сабақтағы ынтасы орташа болды, жеке тапсырманы орындауда қиналды, бірақ топтық жұмыста белсенділігін танытты.

В деңгейіндегі оқушы:

- Сабақта диалогқа түседі, бірақ бәсең, топқа берілген тапсырманы орындауда белсенділік танытты.

А деңгейіндегі оқушы:

- Белсенді болды, диалогқа түсуі өте жақсы, тапсырманы жылдам орындайды. Сұрақтарға жауап беріп, топта өзінің шығармашылық қабілетін көрсете алды.

Lesson Study зерттеу нәтижесі:

1. Оқушылар алдымен өзара сөйлесіп алып, тапсырманы түсініп алып, сосын орындауы байқалды.

Яғни, өзіндік реттелуінің қалыптасқандығын білдіреді.

2. Олар топқа бөлініп, жұптасып - топтасып жұмыс жасау арқылы өзгерді, ынтымақтастықтары артты.

Сабақ айтулары өзгерді. Сабақ айтқанда, тек оқулықтағымен шектелмей, сабақты өмірмен байланыстырып, постер қорғаумен айтуға машықтана білді. Тапсырмаларды орындау барысында, жұптық - топтық жұмыстың мағынасын түсінді.

Қорытындай келе, Lesson Study сабағының тиімділігі орасан зор. Себебі, мұғалімдер арасында кәсіби диалогты қалыптастырып, дамытады, мұғалімдердің назарын оқушылардың білім қажеттіліктеріне аударады, оқушының оқуы жақсарады, функционалдық сауаттылығы дамиды, қоғамға қажетті тұлға болып қалыптасады.


2023-2024 оқу жылы

2023-2024 оқу жылында 5-8 сынып оқушылар арасында оқу және оқытудың мәселесін анықтау мақсатымен «Lesson Study» тобының жетекшілері химия-биология пәнінің мұғалімі Адий Аманжол мен тарих-география пәнінің мұғалімі Колпакова Г.В оқушылар арасында және мұғалімдер арасындағы оқыту мен өзін-өзі жетілдірудегі мәселелерді анықтау мақсатында мұғалімдер арасында сауалнама өткізді.

Осы оқу жылында 29 мұғалімдер арасында «TALIS» сауалнамасын жүргіздік.

«TALIS» сауалнамасында «соңғы 18 айда кәсіби дамудың келесі түрлерінің біріне қатыстыңыз ба, сонымен қатар алған дағдыларыңыз сіздің педагогикалық тәжірибеңізге қалай әсер етті?», «Кәсіби дамудың өзіндік қажеттіліктері туралы ойлана отырып, осы салалардың әрқайсысында сізде осындай қажеттіліктер қаншалықты бар екенін көрсетіңіз?», «Осы мектепте алған тәжірибелеріңіз тікелей өзгерістерге немесе олардың кез келгеніне қатысуға әкелді ме?» деген сұрақтар талқыланып, әр сұрақтар бойынша диаграмма жасалды:

- Соңғы 18 айда 24 мұғалім курс өтіп, күшті әсер алғанын диаграммадан көруге болады. Сонымен қатар кәсіби дамудың барлық түрлеріне мұғалімдер белсенді қатысады.
- Кәсіби даму үшін арнайы оқушыларды оқыту мен оқыту үшін АКТ саласындағы дағдыларды дамыту(ж және е пункті) қажеттіліктері туындап отыр.



«Lesson Study- зерттеудің тиімді әдісі» тақырыбында коучингті қазақ тілі пәнінің мұғалімі Кожабергенова Б.С өткізді. Коучинг сессиясына 14 адам қатысты. Атап кететін болсам, қатысушылардың арасында география, биология, тарих, еңбек, математика, қазақ тілі, сурет, дене шынықтыру, өзін-өзі тану, бастауыш сынып мұғалімдері қатысты.

Бұл жұмыс түрінде айтарлықтай қиыншылықтар кездесетінін анықтадым.

Сондықтан, мен әріптестеріме осы тәсіл туралы мәлімет беруді жөн көрдім. Бұл жұмыстың түрі мен үшін өте маңызды. «Lesson Studi» тәсіліне көңіл аударуымның себебі:

Балаларға зерттеушілік жүргізгенде ғана оқу жетіле бермек. Оқушылар бұндай ортада жұмыс істегенде олардың ой-пайымдары да айқындала түседі, әрі мұғалімдері мен құрдастарының көмегімен одан әрі дамытылуы мүмкін. Соған қарамастан, бұндай тәсілмен сабақ жүргізу дағдылары оқушыларға жайдан жай келе салмайды, балалар бірлескен топтық жұмыс арқылы ғана мәнін ұғынып, қабылдауы үшін мұғалімдерге оларды бағыттап отыру керек болады.

Тақырыбы анықталғаннан кейін сессияға дайындық жасадым. Өзімізге қолайлы уақытты таңдап, коучинг сессиясын өткіздім.

Коучингті ұйымдастыру кезеңінде қатысушыларға «Кұбыр», психологиялық тренинг өткіздім.

Коучинг сабағына 14 адам қатысқандықтан, оларды сағат пазлдарымен 5 топқа бөлдім. Топ мүшелерімен таныстырып, топ мүшелерін сайлаттым. Топ мүшелерінің міндеттері мен ережесі еске түсірілді.

Коучинг сессиясының тақырыбы мен мақсатын, күтілетін нәтижесін хабарладым.

Тақырыбы: «Lesson Study» тәсілімен танысу. Мақсаты: Оқушыларды оқытуға көңіл аударатырып, оқытуды жетілдіру және оның сапасын арттыру құралы ретінде мұғалімдерге Lesson Studyді ұсыну.

Оқу нәтижелері: Мұғалімдер:«Lesson Study» туралы түсініктері қалыптасады;Тәжірибеде қолдана алады.

«Lesson Study» дегеніміз не? деген тақырыпта ой қозғау мақсатында сұрақ-жауап алдым. Қатысушылардың ойлары тыңдалды. Көп мұғалімдердің бұл тәсіл туралы хабары жоқ екені анықталып, енді оларға топта жұмыс істеу үшін «Lesson study-ді» жүргізу әдіс- тәсілдерін оқып, танысуға арнайы мәтіндер үлестіріліп берілді. Осы жұмысты орындауға 10 минут берген едім,

жеткіліксіз болды, сондықтан қосымша тағы 5 минут берілді. Одан кейін постермен жұмыс жасалып, әр топ өз жұмысын қорғады.

Қарсы 3 топ оларды «2 жұлдыз, 1 ұсыныс» арқылы бағалап отырды.

Постер қорғалып болғаннан кейін «Lesson Study» туралы презентация көрсетіліп, теориялық материал беру мақсатында түсінік жұмыстары жүргізілді.

Lesson Study тәсілі кем дегенде үш Lesson Study-ден тұратын циклден құралады, ол сабақтарды мұғалімдер тобы бірлесіп жоспарлап, оқытып қадағалайды және талдайды.

Мұғалімдер: «Lesson Study» тәсілі туралы бейнебаянды көрсеттім. Бейнебаяннан алған әсерлерін ортаға салып, әңгімеледі, ойлары тыңдалды. Бейнебаянды талдау арқылы топтық жұмыстың тиімділігі, А, В, С деңгейіндегі оқушылармен қалай жұмыс жүргізу керектігі туралы білді.

Сессияны қорытындылау мақсатында, ойларын білу үшін біздің мектепке «Lesson study» тәсілін қолдану қажет пе? деген сұрақ қойған кезде, бұл тәсілдің өте қажет екендігі сөз болды. Ойлары тыңдалды, талқыланды.

Коучингтің соңында әріптестерден:

- Коучингтен алғаным?

- Мен үшін болған жаңалық?

- Маған ұнағаны, ұнамағаны? деген кері байланыс алынды.

Коучинг соңында «Lesson Study зерттеу тобы» құрылды.

Лессон Стади зерттеу жұмысының тақырыбын «Оқытуда белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқушының қызығушылығын арттыру» деп таңдадық. Осы сұрақтарды негізге ала отырып, сабақтар жоспарланды. Оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға дағдыландыру, өз ойларын еркін жеткізуге үйрету, жұптық, топтық, жеке жұмыстарды жасауда белсенділік танытуға үйрету, оқушылардың таным белсенділігін арттыру, қызығушылығын ояту, білім сапасын көтеру мәселелерін қолға алдық.

«Lesson Study зерттеу тобының» құрамына жетекші ретінде химия-биология пәнінің мұғалімі Адий Аманжол, оқу-ісінің меңгерушісі Долий Саулеш, математика пәнінің мұғалімі Шерипхан Айнахан, физика пәнінің мұғалімі Ахметжанов Бауыржан, информатика пәнінің мұғалімі Нурболат Адильхан, география пәнінің мұғалімі Оразбекова А.Қ кіреді. «Lesson study» тобының алғашқы отырысы өтіп, бақылайтын сынып ретінде 5 сынып пен оқушылар таңдалды:

1. А оқушы «Зейнелькабиденнова Азиза» үлгерімі жақсы оқушы;
2. В оқушы «Сағындық Батыржан» үлгерімі екпінді оқушы;
3. С оқушы «Марат Әділ» үлгерімі төмен оқушы.

“Lesson Study” бойынша құрылған тізбектелген сабақтар топтамасы:

Аты-жөні	Сабақтың тақырыбы	Сынып	күні
Математика пәнінің мұғалімі Шерипхан Айнахан	LS 1-сабақ: Ондық бөлшектер. Ондық бөлшектерді оқу және жазу	5	12.02
География пәнінің мұғалімі Оразбекова А.Қ	LS 2-сабақ: Энергия түрлері мен көздері	5	14.02
Информатика пәнінің мұғалімі Нурболат Адильхан	LS 3-сабақ: Роботтың түрлері және оларды қолдану	5	16.02

Lesson Study зерттеу нәтижесі:

- Бірлесіп ынтымақтастықта жұмыс жасауға, ортақ бір шешімге келуге үйренді. Топтасып - жұптасып жұмыс жасауда ешкім оқшауланып қалмайтынын, толық бір кісідей қатысу керектігін білді.

- Өз ойларын еркін жеткізіп, идеяларын жеткізуге дағдыланды.
- Оқушы үнінің ескерілетіндігіне көздері жетті.

2024-2025 оқу жылы

Жыл сайын мектебімізде «Lesson Study» тобы өз жұмысын жоспарға сай жүргізіп отырады.



Бекітемін:
«Бұланды ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ директоры
Смайлова Б.С.
Смайлова Б.С.

«Бұланды ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
2024-2025 оқу жылының «Lesson Study» бойынша
өткізілетін жұмыс жоспарлары

«Lesson Study» тақырыбы: Lesson Study-оқыту мен оқуды жетілдіру тәсілі

Зерттеу тақырыбы: Білім сапасын арттыру мақсатында оқушылардың өз бетімен жұмысын жетілдіру

Мақсаты: Оқушылардың білім сапасын жақсарту, оқытудың тиімді әдістерін зерттеу, мұғалімдердің кәсіби дамуын қамтамасыз ету

Қатысатын мұғалімдер (Lesson study тобы): Мектеп директоры Смайлова Б.С.;

Химия-биология пәнінің мұғалімі Адий Аманжол;

Математика пәнінің мұғалімі Шерипхан А.

Тарих-география пәнінің мұғалімдері Тенсел Харахат, Аманжолов Сұлтан;

Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Шешхан Аманбек, Мақсұтұлы Береке;

Жүргізілетін сынып: 7-8 «А»

№	Өткізілетін жұмыстар	Іс-шараның мақсаты	Жауаптылар	Уақыты
1.	Оқушыларға арналған сауалнама өткізу	Оқушылар арасында оқу және оқытудың мәселесін анықтау	«Lesson Study» тобының жетекшілері Колпакова Г.В Адий Аманжол;	Желтоқсан
2.	Мұғалімдерге арналған сауалнама өткізу	Мұғалімдер арасындағы оқыту мен өзін-өзі жетілдірудегі мәселелерді анықтау	«Lesson Study» тобының жетекшілері Адий Аманжол; Колпакова Г.В	Желтоқсан
3.	Коучинг: Ерекше білімді қажет ететін	Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен	Тарих-география пәнінің	24. 02

	оқушылармен жұмыс	жұмыс жүргізудің жолдарын қарастыру	мұғалімі Тенсел Харахат	
4.	Коучинг: Lesson Study-оқыту мен оқуды жетілдіру тәсілі	оқытуды жетілдіру және оның сапасын арттыру, практиканы жетілдіру құралы ретінде Lesson Studyді қалай пайдалануға болатынын көрсету	Химия-биология пәнінің мұғалімі Адий Аманжол	11. 03
5.	«Lesson study» зерттеу тобының алғашқы отырысы	«Lesson study» сабағын бірлесіп жоспарлау, өткізу, бақылау, жаңа оқыту әдістерін зерттеу сабақтарына қолдану	Мектеп директоры Смайлова Б.С.; «Lesson Study» тобының жауапты мұғалімдері	11. 03
6.	Бақылайтын (зерттейтін) оқушыларды таңдау ABC оқушылары	Өз деңгейіне сай жұмыс істеу қабілетін анықтау	А оқушы- Аманжолов Сұлтан; В оқушы- Мақсұтұлы Береке; С оқушы –Шерипхан А.	11. 03
7.	LS 1-сабақ: 8-сынып: Табиғи ресурстарды өңдеу технологиялары мен орталықтары және дайын өнім түрлері 7- сынып: Дүниежүзі халықтар арасындағы достықты қалай нығайтуға болады?	Жаңа оқыту әдістерін қолданып, зерттеу сабақтарын өткізу	Тарих-география пәнінің мұғалімі Тенсел Харахат	14.03
8.	LS 1-сабақты талқылау, рефлексивті есеп	Келесі сабақты жоспарлауға түзетулер енгізу	Тенсел Харахат және «Lesson Study» зерттеу тобының мұғалімдері	14.03
9.	LS 2-сабақты бірлесіп жоспарлау	Оқушының пікірін ескеріп, сабақты жоспарлау	«Lesson Study» зерттеу тобының мұғалімдері	17.03
10.	LS 2-сабақ: «Ұлыстың ұлы күні –Наурыз» сынып сағаты	Алдыңғы сабақтан алынған мәліметтерге сүйене отырып, сабақты жетілдіру	7-8 а сынып жетекшісі Адий Аманжол	18.03



11.	LS 2-сабақты талқылау, рефлексивті есеп	Алдыңғы сабақтар негізінде соңғы түзетулер енгізу	Адий А және «Lesson Study» зерттеу тобының мұғалімдері	18.03
12.	LS 3-сабақ: «Зияткерлік ойындар» дене шынықтыру сабағы. Сабақты талқылау, қорытындылау, рефлексивті есеп.	Ұлттық ойындар арқылы оқушыларға ұлттық тәрбие беру	Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Шешхан Аманбек	20.03
13.	Қорытынды ақпараттарды интернет желісіне жариялау	Тәжірибені бөлісу	«Lesson Study» зерттеу тобының мұғалімдері	Әр іс-шара өткізген күндері
14.	«Lesson Study» бойынша жүргізілген материалдарды жинақтау	«Lesson study» жұмысын жүйелеу, қорытындылау	«Lesson Study» тобының жетекшісі Адий Аманжол	20.03

«Lesson Study» зерттеу тобының жетекшісі: *Адий* Адий Аманжол

Биылғы оқу жылы 5-8 сынып оқушылар арасында оқу және оқытудың мәселесін анықтау мақсатымен оқушылар арасында және мұғалімдер арасындағы оқыту мен өзін-өзі жетілдірудегі мәселелерді анықтау мақсатында мұғалімдер арасында сауалнама өткізді.

Осы оқу жылында 25 мұғалімдер арасында «TALIS» сауалнамасын жүргіздік.

«TALIS» сауалнамасында «соңғы 18 айда кәсіби дамудың келесі түрлерінің біріне қатыстыңыз ба, сонымен қатар алған дағдыларыңыз сіздің педагогикалық тәжірибеңізге қалай әсер етті?», «Кәсіби дамудың өзіндік қажеттіліктері туралы ойлана отырып, осы салалардың әрқайсысында сізде осындай қажеттіліктер қаншалықты бар екенін көрсетіңіз?», «Осы мектепте алған тәжірибелеріңіз тікелей өзгерістерге немесе олардың кез келгеніне қатысуға әкелді ме?» деген сұрақтар талқыланып, әр сұрақтар бойынша диаграмма жасалды.



Сауалнама қорытындысына негізделіп, оқушылардың білім сапасын жақсарту, оқытудың тиімді әдістерін зерттеу, мұғалімдердің кәсіби дамуын қамтамасыз ету мақсаттарын негізге ала отырып, Лессон Стади зерттеу жұмысының тақырыбын «Білім сапасын арттыру мақсатында оқушылардың өз бетімен жұмысын жетілдіру» деп таңдадық. Сауалнамадағы сұрақтар негізінде химия-биология пәнінің мұғалімі Адий Аманжол практиканы жетілдіру құралы ретінде Lesson Studyді қалай пайдалануға болатынын мұғалімдер топтарының арасында көрсету арқылы оқытуды жетілдіру және оның сапасын арттыру мақсатында «Lesson Study-оқыту мен оқуды жетілдіру тәсілі» тақырыбында коучинг, тарих-география пәнінің мұғалімі Тенсел Харахат ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жұмыс жүргізудің жолдарын көрсету мақсатында «Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жұмыс» тақырыбында коучинг өткізді. <https://www.instagram.com/reel/DGd1pvus-dr/?igsh=MWYyMjZkeGQycjVxOQ==>

Тенсел Х мектептегі инклюзивті білім берудің міндеттерін айқындап, кемшіліктері мен кездесетін қиындықтарына тоқталып өтті.



Адий Аманжол тиімді тәсілдерді пайдалану арқылы «Lesson Studyдің» қыр-сырын түсіндірді. Коучингке 10 мұғалім қатысты.

Коучинг мақсаты:

Оқушыларды оқытуға көңіл аудара отырып, оқытуды жетілдіру және оның сапасын арттыру құралы ретінде мұғалімдерге Lesson Studyді ұсыну.

Практиканы жетілдіру құралы ретінде Lesson Studyді қалай пайдалануға болатынын мұғалімдер топтарының арасында көрсету.

Топтық жұмыс, диалогтік әңгіме, ашық және жабық сұрақтар, таныстырылым әдістері пайдаланылды.

Мұғалімдермен әр түрлі тәсілмен амандасу арқылы үш топқа бөлінді. Лессон стадидің кезеңдері бойынша топтар аталды. «Lesson Study» әдісі туралы жалпы түсінік слайдтар арқылы берілді. Топ атына сай тапсырмалар беріліп, топта талқылап, постер жасап, топтан бір адам қорғады:

1 топ- Lesson Study- сабаққа дейін

2 топ- Lesson Study- сабақ барысында

3-топ - Lesson Study – сабақтан кейін

Әр топ әр кезеңде не істеу керектігін мұқият түсіндіріп айтып берді, сабақты ұйымдастыру «бірлесу, ақылдасу, қолдау» арқылы жүзеге асатынын, сабақ үстінде 3 деңгейлі оқушыларды бақылау керектігін, сабақтан кейін оқушылармен сұхбаттасуда қолдануға болатын сұрақтарға дейін талқылады. Лессон стади кезеңдерін ретімен орналастыру арқылы сабақты қорытындылады. Сергіту сәті тиімді ұйымдастырылды.

Кері байланыс құралы ретінде «Интернет желісіндегі» стратегиясын қолдандым. Стикер арқылы сабақтағы әсерін білдіреді.

Осы коучинг нәжіжесінде:

Мұғалімдер Lesson Study үдерісін оқытуды жетілдіру және оның сапасын арттыру құралы ретінде мектептерде Lesson Studyді пайдалану үшін әріптестермен қалай ынтымақтастық орнатуға болатынын;

Lesson Study кезінде әріптестерге қалай қолдау көрсетуге болатынын түсінуді үйренді, мұғалім әрбір жеке оқушының оқуына қатысты өзінің оқыту тәжірибесі туралы ойлануға мүмкіндік алды;

Lesson Study циклінде сабақтың оқушылар қажеттілігіне сәйкес келуі мақсатында мұғалімдер жаңа әдіс-тәсілдерін бірлесе жетілдіретінін немесе оның сапасын арттыруға болатынын түсінді.



Коучинг соңында «Lesson Study тобы» құрылды.

«Lesson Study зерттеу тобының» құрамына жетекші ретінде химия-биология пәнінің мұғалімі Адий Аманжол, тарих-география пәнінің мұғалімдері Тенсел Харахат, Аманжолов Сұлтан, дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Шешхан Аманбек, Мақсұтұлы Береке кіреді. «Lesson study» тобының алғашқы отырысы өтіп, бақылайтын сынып ретінде 8 сынып пен оқушылар таңдалды:

1. А оқушы «Картабаев Елдос» үлгерімі жақсы оқушы;
2. В оқушы «Далелхан Айдын» үлгерімі екпінді оқушы;
3. С оқушы «Габдулмажитов Рамазан» үлгерімі төмен, ерекше білім беруді қажет ететін оқушы.

“Lesson Study” бойынша құрылған тізбектелген сабақтар топтамасы:

Аты-жөні	Сабақтың тақырыбы	Сынып	күні
Тарих-география пәнінің мұғалімі Тенсел Харахат	LS 1-сабақ: Табиғи ресурстарды өңдеу технологиясы, орталықтары және дайын өнім түрлері	8	14.03
Сынып жетекшісі Адий Аманжол	LS 2-сабақ: «Ұлыстың ұлы күні –Наурыз» сынып сағаты	8	18.03
Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Шешхан Аманбек	LS 3-сабақ: «Зияткерлік ойындар» дене шынықтыру сабағы	8	20.03

Лессон Стади зерттеу тобында жұмыс жасайтын мұғалімдер болып сабақтың тақырыптарын анықтадық, сабақтың тақырыптарын анықтап болғаннан кейін бірінші сабақ жоспары құрылды, сабақ жоспарын құру барысында сыни тұрғысынан ойлау, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыратын тапсырмаларды ескердік.



Бірінші сабақ: Табиғи ресурстарды өңдеу технологиясы, орталықтары және дайын өнім түрлері. Сабақ барысында оқушылар топпен, жұппен жұмыс атқарды.

Жаңа сабақты түсіндіріп, оқушыларға шағын бейне ролик көрсеттім. Табиғи ресурстарды өңдеу тәсіліне тоқталып, негізгі табиғи ресурстар түрлерін атап өттім.

Берілген тапсырмаларды орындап, тақтада жұмыс жасады.

Әр оқушыға жеке-жеке кеспе қағаздары таратылып, оқушылар кестемен жұмыс жасады.

Тақтада берілген суреттерді құрастыру әдісі арқылы Қазақстанның пайдалы қазбалар картасын құрастырды. Сол пайдалы қазбалар картасы арқылы негізгі табиғи ресурстардың өңдеу орталықтарын көрсеттік.

Негізгі табиғи ресурстарды өңдеу технологиясын үйрендік.

Сабақ соңында «wordwall» әдісі арқылы сабақты бекіттік.

Сабақ өте тартымды өтті. Оқушылардың қызығушылықпен сабаққа қатысқанын байқадым.



Мұғалімдер арасында өткізген сауалнама қорытындысы бойынша көптеген ұстаздардың арасында сынып жетекшінің жұмысы және ерекше білімді қажет ететін оқушымен жұмыс жүргізу жөнінде тәжірибе алмасу сұрағы туындаған еді. Сол себепті, сынып жетекшінің жұмысын көрсету мақсатында «Lesson Study» кезекті бір сабағы ретінде сынып сағатын алдық.

Ұлттық дәстүріміз бойынша өтетін Наурыз мерекесінің ерекшелігін, табиғат пен адамның байланысын, салт-дәстүрін, өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру, Қазақтың әдет-ғұрпын, тіліміз бен дінімізді құрметтеуге, имандылыққа тәрбиелеу мақсатында 20 наурыз күні 7-8 а сыныбында «**22 Наурыз – Ұлыстың ұлы күні**» атты сынып сағатын 7-8 а сынып жетекшісі Адий А өткізді.

Сабақ алдын ала берілген өлең жолдар арқылы Наурыз мерекесімен құттықтаудан басталды, мерекенің бастамасы ретінде шашу шашылды. Барлық оқушылар өлең жолдарын жақсы жаттаған.

Оқушыларға жеке тапсырма ретінде «ақ құйып шығарып салу; ат тергеу; асар жасау; бастаңғы жасау; бәсіре атау; ерулік беру; жол беру; жылу жинау; сірге мөлдіретер; сүйек жаңғырту» сияқты қазақтың салт-дәстүрлерін ru.piliapp.com/random/wheel/ әдісі арқылы берілді.

Мәтін беріліп, мәтінде қандай салт дәстүрлер, әдет ғұрып жасырылғанын табу тапсырмасы топпен жұмыс ретінде берілді. Әр отбасында қандай ырымдар мен тыйым сөздер айтылатынын сұрау арқылы суретпен бейнеленген ырымдар мен тыйым сөздерді табу тапсырмасын жұппен орындады. Ұлдар арасында ұлттық ойын ретінде «қол күрес» ұйымдастырылып, сабақтың соңында 3 оқушы бата айтты. Сабақ «қара жорға» биімен аяқталды. Ерекше білімді қажет ететін оқушымен жеке жұмыс жүргізілді.



Дене шынықтырудан өткізген 3-сабақ оқушыларға тоғызқұмалақ ойындағы тактика және стратегия туралы түсіндіріп, оны қолдануға үйрету, ұйымшылдыққа, достық қарым-қатынасқа, ұжымдылыққа, ұлттық рухта, сананы қалыптастыруға бейімдеу, тәрбиелеуді мақсат етіп, сол мақсатына жетті.

Бақыланатын «А» деңгейіндегі оқушы сынып көшбасшыларының қатарында, оқу екпіндісі, сынып ішіндегі оқу үлгерімі ең жақсысы, сабақта көп сөйлемейді, сұрақтың жауабын қысқа да нұсқа береді, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады. «В» деңгейіндегі оқушы да сабақта жауапкершілігі мол оқушы, сабақта үнемі қол көтеріп жауап береді, оқу екпіндісі. «С» деңгейіндегі оқушы үлгерімі төмен оқушы, сабаққа ынтасы төмен, сабақ үстінде жан - жағына жалтақтап, өз орнын таппағандай болып отырады, сыныптастар арасында қарым - қатынаста кішкене алшақтаған болып көрінді. Бұл сыныпты бақылаған кездегі бір байқағанымыз жұптық жұмыс сыныптағы ынтымақтастықты арттыруға септігін тигізді. Өйткені, жұптық жұмыс арқылы топпен жұмыс істегенде әрқайсысының мойнында тек өзі ғана үшін емес, топ үшін жауапкершілік міндеті тұрды.

Түрліше жаңа әдіс - тәсілдерін қолдану оқушылардың оқуға деген қызығушылықтарын арттырып қана қоймай, олардың оқуға деген ынталарын арттыратынын байқадық. Бұл жайында зерттеуге алынған 3 оқушы тұрғысынан алып қарасақ, А мен В оқушысы сабақта белсенділік танытып, өз ойларын еркін айтып, қасындағы көршісімен ой бөлісе отырып, мұғалімнің әр сұрағын мұқият тыңдап, тапсырмаларды орындап отырды. Ал С оқушысы болса басында сабаққа ынтасы болмай отыр еді, кейіннен А В деңгейіндегі оқушылардың көрсеткен көмектері арқылы ол да сыныпқа ілесіп, белсенділік таныта бастады.

Зерттеу барысында әртүрлі әдіс - тәсілдерді қолданып, оқушылардың топпен жұмыс, жұппен жұмыс арқылы оқушылардың қаншалықты өзгергенін тізбектелген сабақтар барысынан байқау қиынға түспеді.



Сабақ соңында жүргізілген рефлексия көрсеткендей: оқушыларға сабақ өткізу әдісі, ондағы шығарылған есептер, және бағалау тәсілдері ұнады.

Сонымен, Lesson study зерттеу жобасы бойынша алған нәтижелер келесідей болды:

А оқушы: өзіндік ойы бар. Тапсырмаларды тез дәлелмен орындайды. Басқаларға көмек қолын ұсынады. Күрделі тапсырмаларды жеке талдайды және топ мүшелерінің пікірлерін ескере отырып, ортақ шешім, қорытынды жасай алады;

В оқушы: топтағы жүргізілген іс-әрекеттерді өз ойымен, толық жеткізе алады және өзіндік бағалаудың объективті болу керектігін түсінеді.

С оқушы: процесті бақылайды, топ мүшелері атынан спикер ретінде ой білдіреді, кейбір есептерді, тапсырмаларды сыныптастары көмегімен орындайды, қиындықтарды көтере алады және өз мүмкіншіліктерін біледі.

Осының нәтижесінде зерттеудегі А, В, С оқушыларының өзін-өзі реттеу, қалыптастыру, өз бетінше білім алу және математикалық-жаратылыстану пәндері бойынша білімдерін дамыту қабілеттерінің өсуін байқадық. Зерттеу тобындағы мұғалімдердің жүргізген бақылауларына талдау жасай отырып, оқушылардың сыни тұрғыда ойлау қабілеттерінің артқанын, сыныптағы психологиялық ахуалдың жақсарғанын, бір-бірімен диалог жүргізу арқылы өз ойларын негіздей алатындығын байқадық.

Сабақтарда топтық, жұптық жұмыс кезінде оқушылардың арасында жүргізілетін диалог олардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік берді;

Lesson Study зерттеу жобасында, мұғалімдер оқушыларды бақылау дағдысын дамытты; Бұл зерттеу материалдары сабақ беретін мұғалімдер үшін маңызды болды.

Lesson Study зерттеу нәтижесі: сынып әрдайым ұйымшыл болды, бір - бірімен ынтымақтастық жағдайда жұмыс жасады, бірін - бірі әділ бағалап, ізденіп, білгенін көрсете білді, білмегенін мұғалімнен, сыныптастарынан сұрап бірлесе жұмыс жасады.

Анализ

работы по проекту «LESSON STUDY» -исследование в действии за 2022-2023 год

Lesson Study по теме «Повышение профессионального развития учителей, посредством изучение исследования в действии»

Одним из видов сетевого взаимодействия может являться взаимодействие с использованием подхода Lesson Study — как способа совершенствования преподавания и обучения, как способа развития профессионализма учителей. Используя Lesson Study, учителя могут

на демократической основе проводить исследование и изучение урока, влиять на качество обучения и преподавания. Этот подход наиболее эффективен для сплочения учителей,

совместного определения проблем, создания коллаборативной среды для совместного

обучения, обмена опытом и коллективной ответственностью за результативность исследования. Начиная работу по внедрению темы Lesson Study , мы разбили на несколько шагов:

Шаг 1: Изучение теоретического материала, изучение практического опыта. Проведение коучингов для коллектива.

Проведен коучинг на тему «Повышение профессионального развития учителей, посредством изучение исследования в действии» 20.01.2023 г

Шаг 2: Формирование фокус группы. Здесь были учтены все основы и правила работы по Lesson Study в группе - 9 человек. Группа работала по принципу доверительных и доброжелательных отношений, и все члены имели равный статус.

Шаг 3: Выбор класса, исследовательской темы, цели и предметной области. Известно, что цели Lesson Study могут совпадать с темой работы школы. Поэтому нашим выбором стало

исследование по теме «Как групповая работа влияет на повышение активности учащихся с использованием подхода Lesson Study»

Класс: 5Б увидеть обучение учеников в реальности;

обратить внимание на проблемы детей, существующие в классе и обучении;

выяснить и понять, как можно изменить планирование обучения, чтобы оно удовлетворило потребности наших учеников; вовлечь учителей школы в исследовательский процесс для улучшения практики, для того, чтобы они могли изнутри увидеть трудности и проблемы в обучении своих учеников. Чтобы коллеги могли сотрудничать, делиться опытом, знаниями,

видениями той или иной проблемы, т.к. обычно учителя работают «наедине» со своим классом. Другие учителя очень редко имеют возможность увидеть урок со стороны, обсудив при этом не мастерство и открытый урок подготовленного учителя, а реально существующих детей.

ФИО учителя	Тема урока	класс	дата
Математика Ахметова Ания Муратовна	Урок № 1 Десятичные дроби и действия над ними. Перевод десятичной дроби в обыкновенную дробь	5Б	24.01. 2023 г
Русский язык Нурмаганова М.С	Урок №2 Музыка в творчестве К.Г. Паустовского. Имя числительно. Порядковые и количественные числительные.	5Б	30.01.2023 г.
Казахский язык Кожабергенова Б. С.	Урок 3 Фастфудтын зияны	5Б	25.01.2023 г

Цель нашего исследования:

- применяя приёмы группового обучения, учителя активизируют деятельность учащихся на уроках

- вызвать интерес учащихся к предметам;

- повысить уровень знаний учащихся.

Таким образом, фокус группа выдвинула гипотезу:

- Если объединить ребят в небольшие группы и дать им одно общее задание, оговаривая роль каждого ученика группы в выполнении данного им задания, то возникает ситуация, в которой каждый отвечает не только за результат своей работы, но, что особенно важно, за результат

всей группы. Были определены задачи:

- расширить круг знаний учащихся; воспитывать чувство ответственности за работу; научить

детей работать вместе, дружно; подтянуть отстающих детей, привлечь их внимание к работе и заинтересовать, научить детей самооцениванию и взаимооцениванию;

Ожидаемый результат:

-подтвердить, что групповая работа влияет на повышение активности учащихся на уроках;

-воспитывается сотрудничество;

-формируется адекватная самооценка ученика;

- повышается мотивация
в учении. Методы сбора
данных:

1. Наблюдение за учащимися 5«Б» класса.
2. Беседа с классным руководителем.
3. Анкетирование учащихся
4. Интервьюирование учащихся
5. Фото и видеосъемка деятельности учащихся на уроке.

В Lesson Study принимают участие группы учителей, совместно осуществляющие:

планирование, преподавание, наблюдение, анализ обучения и преподавания, документирование своих выводов.

Совместное детальное планирование дает учителям возможность построения урока с применением новых стратегий обучения, применение форм познавательной деятельности, обсуждение критериев успеха исследуемых учащихся. Определились трёх исследуемых учеников А, В, С.

Шаг 4: Планирование первого Lesson Study.

Выбор «исследуемых» учеников

Ученик А (Савченко С 5Б,) – всесторонне развитый ученик с высокой успеваемостью по всем предметам. Имеет устойчивые познавательные способности, уровень учебных интересов высокий.

Критерии успешности: развить у ученика лидерские качества

Ученик В (Абдрахманов Р. 5Б.) - имеют хорошую успеваемость по всем предметам, но чаще всего она старается сама выполнить задание, не проявляет активность в обсуждении урока. Проявляет средний уровень развития общих интеллектуальных способностей.

Критерии успешности: научить не только самому проявлять активность, но и проявлять коммуникативные навыки

Ученик С (Кайракова А. 5Б,) – имеют средние учебные способности, уровень познавательных интересов средний, не проявляет особого интереса к учёбе. При ответах на вопросы учителя проявляет скованность, стесняется отвечать на вопросы.

Критерии успешности: вовлечь в процесс совместного выполнения задания, данного учителем.

Проведение и применение подхода Lesson study позволило учителям применить 7 модулей программы. Ведь, если мы научим учащихся критически мыслить, то они научатся тому, как

учиться и будут постоянно расширять и углублять знания, раскроется потенциал талантливых и одаренных учеников. При дифференцировании заданий с учетом возрастных особенностей учеников и использования активных форм совместной работы в группе, то появится сотрудничество обучаемых через диалогическое обучение и можно будет реализовать

оценивание для обучения, которые не возможны без управления и лидерства обучения, а также будет формироваться саморегуляция у обучаемых. На всех уроках учли групповую форму

работы, диалогическое обучение с использованием инструментов критического мышления. Так как при групповой форме работы учащиеся активно взаимодействуют друг с другом, каждый вовлечен в учебный процесс, а при диалогическом обучении, они совместно приобретали знания, научились друг другу задавать вопросы, отвечали на них, производили взаимопроверку. Такие формы работы помогали ученикам раскрыться, самореализоваться.

Главной задачей учителей является поддержание активности, интереса и инерции движения на всех этапах урока.

Именно подход Lesson Study позволил выявить, что учащиеся выражают новые идеи и информацию собственными словами. Ученики лучше всего помнят то, что они поняли в

собственном контексте, выражая это собственными словами. Также происходит живой обмен идеями между учащимися, что дает им возможность расширить свой кругозор.

Роль учителя состоит в том, что он:

- направляет усилия учеников в определенное русло;
- сталкивает различные суждения;
- создаёт условия, побуждающие к принятию самостоятельных решений;
- даёт учащимся возможность самостоятельно делать выводы;
- подготавливает новые познавательные ситуации внутри уже существующих

Интервью с учеником «С» Интервью с ученицей «В» Интервью с ученицей «А» Обсуждение после урока

Тақырыбы: «Мектеп пен отбасының оқушылардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыру мен дамытудағы бірлескен жұмысы»

Негізгі міндеттері:

- оқушылардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыру;
- балалар мен жасөспірімдердің әртүрлі қызығушылықтарын қанағаттандыру үшін қолайлы жағдай жасау;
- оқушы тұлғасын шығармашылық тұрғыда дамытуға бағытталған жаңа тәрбие формаларын қолдану;
- оқушыларды үйірме және секциялық жұмыстарға қатыстыру арқылы тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, оның адамгершілік және танымдық мүдделерін ескере отырып;
- салауатты өмір салтын насихаттау – тәрбие жұмысының басты бағыты ретінде.

http://sc0018birzhansal-aqmo.edu.kz/public/files/2025/7/2/020725_041723_plan-vr-2025.pdf

Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі (ӘБ) жүйелі түрде жұмыс жүргізді. 2024–2025 оқу жылында ӘБ құрамына 13 мұғалім енді, оның ішінде 4-еуі бастауыш сынып мұғалімі және 9-ы орта және жоғары буын мұғалімдері. Оқу жылы ішінде сынып жетекшілерінің ӘБ-нің 5 отырысы өткізілді. Отырыстар әртүрлі форматта өтті: дөңгелек үстел, практикалық семинар, тәжірибе панорамасы, шығармашылық есеп беру.

Отырыстардың тақырыптары:

1. 2024–2025 оқу жылында сынып жетекшілерінің жұмысын ұйымдастыру.
2. Интернетке тәуелділіктің алдын алу және жыныстық қол сұғылмаушылықты сақтау бойынша ата-аналармен жұмыс.
3. Қақтығыстардың алдын алу және оларды шешу, кәсіби бағдар беру, оқушылардың шығармашылық қызметі.
4. «Оқушылар мен ата-аналармен интернет пен интернет ойындарын қолдану бойынша тиімді жұмыс түрлері, сыныптан тыс іс-шараларға қатысу және өмір қауіпсіздігі техникасы бойынша жұмыстар».
5. «Қорытынды отырыс».

Тәрбие жұмысы – бұл балалар өмірін педагогикалық тұрғыда мақсатты ұйымдастыру. Сондықтан сынып жетекшісінен ең алдымен нақты сыныпқа, нақты оқушылардың ерекшелігіне, педагогтың алдына қойған нақты міндеттеріне сәйкес тәрбие жұмысының жоспары талап етіледі.

Өткен оқу жылындағы тәрбие жоспарларының талдауы көрсеткендей, мұғалімдердің басым бөлігі өз жоспарын ойланып құрастырып, сыныптың негізгі мәселелеріне сәйкес мақсат пен міндеттерін дұрыс қоя білген. Барлық жылдық жоспарларда оқушылармен және ата-аналармен жеке жұмыс, ата-аналар комитеті отырыстары, сынып сағаттары мен ата-аналар жиналыстарының тақырыптары қамтылған.

Биылғы жылы сынып жетекшілері ерекше назарды оқушылармен және ата-аналармен жеке жұмысқа аударды. Бұл бағытта барлық сынып жетекшілері белсенді жұмыс атқарды.

2024–2025 оқу жылының қорытындысы бойынша, құжаттаманы уақытылы және сапалы түрде жүргізген келесі сынып жетекшілерінің жұмысын атап өткен жөн:

– бастауыш сынып мұғалімдері:

Сапарбек Назираңгүл – 3-4 «А» сыныбы,

Нұрмағанова М.С. – 2-3 «Б» сыныбы,

– орта буын және жоғары сынып мұғалімдері:

Адий Аманжол – 7-8 «А» сыныбы,

Колпакова Г.В. – 7-8, 10 «Б» сыныптары.

Практикалық қызметті талдау сынып жетекшілерінің көпшілігі мақсат қою, міндеттерді нақтылау, мониторинг жүргізу және құжат жүргізу дағдыларын жақсы меңгергенін көрсетті.

2024–2025 оқу жылында сынып жетекшілерінің жүйелі және мақсатты жұмысын ұйымдастыруға ерекше назар аударылды. Бұл жұмыс келесі бағыттарда жүзеге асырылды:

– мектептегі әдістемелік бірлестіктің жұмысы,

– оқыту семинарлары,

– дөңгелек үстелдер,

– тәрбие шараларына қатысу,

– тәрбие жұмысына арналған мониторинг пен бақылау жүйесін ұйымдастыру.

Жыл бойы мектептің бастауыш, орта және жоғары буын сыныптарында жоспарға сәйкес тақырыптық сынып сағаттары түрлі формада және мазмұнда өткізілді.

Барлық сыныптарда тәрбиелік жұмыстардың мазмұнды әрі қызықты өткенін атап өтуге болады. Алдыңғы жылдардағыдай, мектеп сынып жетекшілерінің ұжымы салауатты өмір салтын насихаттауды жалғастырып келеді.

Ата-аналар қоғамдастығы

Ата-аналар қоғамдастығымен жұмыс келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

1. Оқушылардың отбасындағы тәрбиелеу жағдайын психологиялық-педагогикалық тұрғыда диагностикалау, отбасындағы психологиялық ахуалды, оның тәрбиелік әлеуетін анықтау.

2. Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру – жеке жұмыстар ұйымдастыру, психологиялық-педагогикалық білімді насихаттау арқылы.

3. Отбасына педагогикалық көмек көрсету – баланы зерттеуде, отбасылық тәрбиені түзетуде, ата-аналарды практикалық дағдылар мен іскерліктерге үйретуде.

4. Ата-аналарды оқу-тәрбие процесін басқаруға қатыстыруды ұйымдастыру.

5. Ата-аналар белсенділеріне әдістемелік көмек көрсету.

6. Мәселе туындаған отбасылармен жеке жұмыс жүргізу – консультациялар, профилактикалық әңгімелер өткізу, кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесіне шақыру, ата-аналар қауымдастығы мен алдын алу жүйесі ұйымдарын тарту арқылы.

7. Ата-аналарға отбасында адамгершілік өмір салтын қалыптастыруда, нашакорлықтың алдын алу мен диагностикасында, балалар мен жасөспірімдер арасындағы басқа да жағымсыз құбылыстарды ескерту мәселелерінде көмек көрсету.

8. Педагог-психологты, әлеуметтік педагогты, қосымша білім беру педагогтарын отбасы жұмысымен белсенді түрде тарту.

9. Қосымша білім беру мен бос уақытты тиімді ұйымдастыру қызметтерінің аясын кеңейту.

10. Мұғалімдер, ата-аналар және оқушылар ұжымдарының бірлескен іс-шараларын ұйымдастыру.

Қамқоршылық кеңес

Қамқоршылық кеңестің жұмысына келесі бағыттар кіреді:

- жалпы біліммен қамтуды ұйымдастыру мен қадағалауға көмек көрсету,
- мектеп асханасының жұмысына атсалысу,
- спорттық-бұқаралық, дене шынықтыру-сауықтыру, әлеуметтік-мәдени, білім беру іс-шараларын ұйымдастыруға жәрдемдесу.

Қамқоршылық кеңесті құрудың басты мақсаты – мәселелерді зерттеу мүмкіндігін кеңейту:

- жобалық және шығармашылық жұмыстарды презентациялау,
- оқушылар мен мұғалімдердің жұмысын талқылау,
- пайдалы сілтемелер ұсыну,
- бірлескен мониторингтер дайындау арқылы.

Міндетті оқу курсы зерделеу – «Өмір қауіпсіздігінің негіздері»

Негізгі білім беру деңгейінде «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» пәнін оқыту келесі мақсаттарға бағытталған:

Жалпы орта білім берудің мақсаттары:

1. Оқушыларда алынған білім, білік және іс-әрекет тәсілдеріне негізделген тұтас дүниетанымды қалыптастыру;
2. Таным және өзін-өзі тану арқылы түрлі іс-әрекет тәжірибесін меңгеру;
3. Білім беру немесе кәсіби бағыттағы жеке білім траекториясын саналы түрде таңдауға дайындық.

ОБЖ пәнін оқытудың жалпы мақсаттары:

- Жеке тұлға, қоғам және мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделерін ішкі және сыртқы қауіптерден қорғау деңгейін арттыруға ықпал ету (өмірлік маңызды мүдделер – тұлға, қоғам және мемлекеттің тұрақты өмір сүруін және үдемелі дамуын қамтамасыз ететін қажеттіліктердің жиынтығы);

- Азаматтардың қауіпсіздігіне кері әсерін тигізетін адами факторлардың ықпалын азайту;
- Антитеррористік мінез-құлықты, психобелсенді заттарға (оның ішінде есірткіге) теріс көзқарасты қалыптастыру;
- Оқушылардың девиантты мінез-құلقىның алдын алу.

Бұл мақсаттарға жету келесі оқу міндеттерін шешу арқылы жүзеге асырылады:

- Оқушылардың өмір қауіпсіздігі мәдениетінің қазіргі деңгейін қалыптастыру;
- Денсаулықты сақтау мен нығайтуға бағытталған жеке өмір салтын қалыптастыру;
- Антитеррористік мінез-құлық пен психоактивті заттарға, сондай-ақ антиәлеуметтік мінез-құлыққа теріс көзқарасты тәрбиелеу.

2024–2025 оқу жылында «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» пәнінің мазмұны келесі түрде іске асырылды:

- 1–4-сыныптарда «Дүниетану» пәнінің аясында: 1–3-сыныптарда жылдық жүктеме – 6 сағат, 4-сыныптарда – 10 сағат;

• 5–9-сыныптарда «Дене шынықтыру» пәнінің аясында: жылдық жүктеме – 15 сағат, дене шынықтыру мұғалімдерімен жүргізіледі.

ОБЖ бағдарламасы аясында келесі іс-шаралар өткізілді:

1. Эвакуациялық жаттығулар мен командалық-штабтық оқу-жаттығулары;
2. «Өрттердің себептері. Тұрмыста өрттің алдын алу» тақырыбында сынып сағаттары-презентациялар;
3. Оқушылар мен мектеп қызметкерлеріне өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтар өткізу;
4. Өрт қауіпсіздігі бұрышының мазмұнын жүйелі түрде жаңарту;
5. «Өрттің алдын алу және балалардың отпен ойнауы» тақырыбында сынып сағаттары;
6. Әлеуметтік педагогпен бірлесіп кәмелетке толмағандар арасында зиянды әдеттердің алдын алу жұмыстары жүргізілді;
7. «Су айдындарындағы қауіпсіздік» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді;
8. «Каникул кезіндегі қауіпсіздік» тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылды;
9. Мектеп сайтындағы «Кешенді қауіпсіздік» бөлімінде тиісті ақпараттар орналастырылды.

Міндетті оқу курсы зерделеу – «Жол қозғалысы ережелері»

Бағдарламаның мақсаты: оқушылардың көшеде және жолда қауіпсіз жүріс-тұрыс дағдыларын тұрақты түрде қалыптастыруға жағдай жасау.

Жолда және көшеде қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерінің негізгі мақсатты параметрлері:

- Жол қозғалысы ережелерін маңызды қоғамдық құндылық ретінде қабылдау;
- Жол-көлік оқиғаларының алдын алу әдістерін, апат кезінде алғашқы көмек көрсету дағдыларын, ЖҚЕ-ні насихаттау әдістерін меңгеру;
- Көшелер мен жолдарда қауіпсіз жүріс-тұрыс дағдыларын игеру.

Міндеттері:

- Мемлекеттік стандарттар аясында оқушыларға базалық білім беру;
- Жол қозғалысы ережелерін сақтау мен орындау дағдыларын қалыптастыру;
- Жолда қауіпсіз жүріс-тұрыс мәдениетін дарыту;
- Балалармен жұмыс барысында заманауи оқыту және тәрбиелеу әдістерін, инновациялық технологияларды қолдану арқылы көшелер мен аулаларда болатын жазатайым оқиғалардың алдын алу;
- Жол қозғалысының сауатты қатысушыларын тәрбиелеу, жол ережелері мен талаптарын құрметтеу, олардың объективті қажеттілігін түсіндіру;
- Жалпыадамзаттық моральдық құндылықтарға бағытталған бағдарларды қалыптастыру;
- ЖКО кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша бастапқы дағдыларды дарыту;
- Оқушылардың ата-аналарында балалардың жолдағы қауіпсіздігіне тұрақты қызығушылықты қолдау.

2024–2025 оқу жылында «Жол қозғалысы ережелері» курсы:

- 1–4 сыныптарда сынып сағаттары есебінен – әр сыныпта 6 сағат көлемінде;
- 5–8 сыныптарда – әр сыныпта 10 сағат көлемінде сыныптан тыс уақытта жүзеге асырылады.

Іс-шаралар:

1. Жыл бойы оқушылар жеке жоспарлар бойынша «Назар аударыңыз – балалар!» атты мақсатты профилактикалық акцияларға қатысты;
2. Жол-көлік оқиғаларының алдын алу және Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне енгізілген өзгерістер мәселелері ата-аналар жиналысының күн тәртібіне енгізілді;
3. «Жол қауіпсіздігі» ақпараттық бұрышында аудан аумағында болған ЖКО туралы ақпараттар орналастырылды;
4. «Жол қозғалысы мәдениеті» тақырыбында әңгімелер өткізілді (Көлік мінез-құлқы мәдениетін арттыру – жол-көлік оқиғаларын азайтудың көзі ретінде);
5. Жол қозғалысы ережелері бойынша оқушылармен жүйелі түрде профилактикалық әңгімелер жүргізілді;
6. Мектептің сайты мен Instagram парақшасында ЖҚЕ туралы ақпараттар жүйелі түрде жарияланып отырды.

Сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігі.

Тақырыбы: «Мектеп пен отбасының оқушылардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыру мен дамытудағы бірлескен жұмысы».

Негізгі міндеттер:

- оқушылардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыру;
- балалар мен жасөспірімдердің әртүрлі қызығушылықтарын қанағаттандыруға қолайлы жағдай жасау;
- оқушы тұлғасын шығармашылық тұрғыда дамытуға бағытталған тәрбиелік жұмыстың жаңа формаларын қолдану;
- оқушылардың адамгершілік және танымдық қызығушылықтарын ескере отырып, олардың тұлғалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында үйірмелер мен секцияларға белсенді қатысуын ұйымдастыру;
- салауатты өмір салтын насихаттау – тәрбиелік жұмыстың негізгі бағыты ретінде.

Сынып жетекшілері әдістемелік бірлестігінің жұмысы жүйелі түрде жүргізілді. 2024–2025 оқу жылы ішінде бұл бірлестік құрамында 13 мұғалім жұмыс істеді, оның 4-уі бастауыш сынып мұғалімдері, 9-ы орта және жоғары буын мұғалімдері. Жыл бойында бес отырыс өтті. Отырыстар әртүрлі форматта ұйымдастырылды: дөңгелек үстел, семинар-практикум, тәжірибе панорамасы, шығармашылық есеп.

Отырыстардың тақырыптары келесідей болды:

1. 2024–2025 оқу жылында сынып жетекшілерінің жұмысын ұйымдастыру.
2. Оқушылармен интернетке тәуелділіктің алдын алу жұмысы және ата-аналармен жыныстық қолсұғылмаушылық туралы жұмыс.
3. Даулы жағдайлардың алдын алу және шешу, кәсіби бағдар беру және оқушылардың шығармашылық іс-әрекеті.

4. «Оқушылар мен ата-аналармен интернет және интернет-ойындарды пайдалану, сыныптан тыс іс-шараларды өзара көру, өмір қауіпсіздігі техникасы бойынша жұмыс бағытындағы тиімді формалар».

5. «Қорытынды отырыс».

Тәрбие жұмысы – бұл балалардың өмірін педагогикалық тұрғыда тиімді ұйымдастыру. Сондықтан әрбір сынып жетекшіден өз сыныбының нақты ерекшелігіне, оқушылардың жеке тұлғалық сипаттарына және алға қойылған міндеттерге сәйкес тәрбие жоспарын құру талап етіледі. Өткен оқу жылына жасалған тәрбие жоспарларын талдау нәтижесінде мұғалімдердің көпшілігі тәрбие жұмысын саналы түрде жоспарлап, нақты мақсаттар мен міндеттерді сыныптағы негізгі мәселелерге қарай белгілегені анықталды. Барлық жоспарларда оқушылармен және ата-аналармен жеке жұмыс қарастырылған, ата-аналар комитетінің отырыстары, сынып сағаттары мен ата-аналар жиналыстары жоспарға енгізілген.

Биылғы жылы сынып жетекшілер ерекше назарды оқушылармен де, ата-аналармен де жеке жұмысқа аударды. Бұл бағытта барлық сынып жетекшілері белсенді жұмыс атқарды. 2024–2025 оқу жылының қорытындысы бойынша өз сыныбының құжаттарын уақытылы және сауатты жүргізіп отырған сынып жетекшілердің жұмысы атап өтілді. Атап айтқанда: бастауыш буын мұғалімдері – Сапарбек Назирангүл (3-4А сынып), Нұрмағанова М.С. (2-3Б сынып), орта буын – Әділ Аманжол (7-8А сынып), Колпакова Г.В. (7-8, 10Б сыныптар).

Практикалық жұмысты талдау нәтижесінде сынып жетекшілердің көпшілігі мақсат қою, міндеттерді анықтау, мониторинг жүргізу және құжаттармен жұмыс істеу дағдыларын жақсы меңгергені белгілі болды. 2024–2025 оқу жылында сынып жетекшілердің жүйелі әрі мақсатты жұмысын ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінді. Бұл бағыттағы жұмыстар сынып жетекшілерінің мектепшілік әдістемелік бірлестігі, оқу семинарлары, дөңгелек үстелдер, іс-шараларға қатысу, тәрбие жұмысының мониторингін және бақылау жүйесін ұйымдастыру арқылы жүргізілді.

Жыл бойына бастауыш, орта және жоғары буын сыныптарында тәрбие жоспарына сәйкес түрлі мазмұн мен формадағы сынып сағаттары тұрақты түрде өткізілді. Мектептің барлық сыныптарында мазмұнды, қызықты тәрбие жұмысы жүргізілгенін атап өтуге болады. Бұрынғы жылдардағыдай, биыл да мектебіміздің сынып жетекшілер ұжымы салауатты өмір салтын насихаттауды жалғастыруда.

Ата-аналар қауымдастығы.

Ата-аналармен жұмыс келесі бағыттар бойынша жүйелі түрде жүргізіледі:

1. Оқушылардың отбасындағы тәрбиелену жағдайын психологиялық-педагогикалық тұрғыдан диагностикалау, отбасы ішіндегі психологиялық ахуалды, оның тәрбиелік әлеуетін анықтау.

2. Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру мақсатында жеке жұмыс ұйымдастыру, психологиялық-педагогикалық білімдерді насихаттау.

3. Отбасына бала тәрбиесін зерделеу және отбасылық тәрбиеге түзету енгізу бойынша педагогикалық көмек көрсету, ата-аналарды практикалық дағдылар мен іскерліктермен қаруландыру.

4. Ата-аналардың оқу-тәрбие үдерісін басқаруға белсенді қатысуын қамтамасыз ету.

5. Ата-аналар белсенділеріне әдістемелік көмек көрсету.

6. Проблемалық отбасылармен жеке жұмыс жүргізу: кеңес беру, профилактикалық әңгімелер өткізу, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі кеңеске шақыру арқылы, сонымен қатар ата-аналар қауымдастығы мен алдын алу жүйесі ұйымдарының қатысуымен.

7. Ата-аналарға отбасында адамгершілікке сай өмір салтын қалыптастыруда, есірткіге тәуелділіктің алдын алуда және басқа да жағымсыз құбылыстарды болдырмауда көмек көрсету.

8. Педагог-психологты, әлеуметтік педагогты, қосымша білім беру педагогтарын отбасымен жұмысқа белсенді түрде тарту.

9. Қосымша білім беру мен бос уақытты тиімді ұйымдастыру қызметтерінің аясын кеңейту.

10. Мұғалімдер, ата-аналар және оқушылар ұжымдарының бірлескен іс-шараларын ұйымдастыру.

11. «Даналық мектебі» (Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталығы, аналар кеңесі, әкелер кеңесі) аясында жүйелі жұмыстар жүргізіледі.

Қамқоршылық кеңесі.

Қамқоршылық кеңестің қызметіне жалпы оқумен қамтуды ұйымдастыру мен үйлестіру, мектеп асханасының жұмысын қадағалау, спорттық-мәдени, дене шынықтыру-сауықтыру, әлеуметтік-мәдени және білім беру іс-шараларын ұйымдастыруға көмек көрсету кіреді.

2024–2025 оқу жылында Бұланды ауылының ОММ қамқоршылық кеңесі аясында кеңес мүшелері арасында міндеттерді бөлу жұмысы жүргізіліп, бұл өз кезегінде қызмет бағыттарын нақтылап, негізгі міндеттерге жауаптыларды анықтауға мүмкіндік берді. Оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілді. Жоспарға «Мектепке жол» акциясы аясында аз қамтылған отбасыларға көмек көрсету, спорт базасын нығайту, денсаулық сақтау технологияларын енгізу, байқаулар мен мектепішілік бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыруға жәрдемдесу, қосымша қаржы көздерін тарту, мектеп ауласын көркейту, оқушылардың жазғы еңбегі мен демалысын ұйымдастыру сияқты маңызды бағыттар енгізілді.

Оқушылардың денсаулығын сақтауға қолайлы жағдай жасауға ерекше назар аударылды. Осы мақсатта спорттық құрал-жабдықтарды жаңарту мен жөндеу, денсаулық сақтау бағдарламаларын енгізу, мәдени-спорттық іс-шараларды ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді.

Мектеп директоры материалдық-техникалық базаның жағдайы мен тәрбие бағдарламаларының іске асырылуы жөнінде есеп беріп, мектептің жетістіктерін және даму жобаларын атап өтті. Қамқоршылық кеңесі қосымша қаржыландыру көздерін тарту бағытында белсенді жұмыс жүргізді, атап айтқанда демеушілермен және

жергілікті кәсіпкерлермен ынтымақтастық орнату арқылы бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды.

Жұмыстың маңызды бөлігі мектеп аумағын абаттандыру болды: ағаш отырғызу, гүлзарлар жасау, спорт және ойын алаңдарын дайындау.

Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспектор оқушылармен құқықбұзушылықтың алдын алу және құқықтық сауаттылықты арттыру бағытында жүргізілген профилактикалық жұмыс бойынша есеп беріп, құқық қорғау органдарымен одан әрі өзара іс-қимыл жасау бойынша ұсыныстар берді.

Оқу жылының қорытындысы бойынша қамқоршылық кеңестің жұмысына талдау жүргізіліп, алға қойылған міндеттердің сәтті орындалғаны және кеңес мүшелерінің мектеп өміріне белсенді қатысқаны анықталды. Сонымен қатар, оқушылардың еңбек пен демалысын ұйымдастыруға арналған жазғы бағдарлама әзірленіп, жүзеге асырылды. Бағдарламаға еңбекпен қамту, спорттық және шығармашылық іс-шаралар енді. Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспектор мен мектеп басшысының қорытынды есептері оң нәтижелер көрсетіп, келесі оқу жылына арналған даму бағыттарын айқындады.

Практикалық қызметке жүргізілген талдау нәтижесі бойынша, сынып жетекшілерінің басым бөлігі мақсат қою, міндеттерді анықтау, мониторинг жүргізу мен құжаттарды ресімдеу дағдыларын жақсы меңгерген. 2024–2025 оқу жылында сынып жетекшілерінің жүйелі әрі мақсатты жұмысын ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінді. Бұл мектептегі сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің жұмысы, оқыту семинарлары, дөңгелек үстелдер, іс-шараларға қатысу, сыныптардағы тәрбие жұмысына мониторинг пен бақылау жүйесін ұйымдастыру арқылы іске асты.

Жыл бойы барлық сыныптарда тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес түрлі формада және мазмұнда тақырыптық сынып сағаттары тұрақты түрде өткізілді. Барлық сыныптарда мазмұнды, қызықты тәрбие жұмысы жүргізілді. Бұрынғы жылдардағыдай, біздің мектептің сынып жетекшілері ұжымы салауатты өмір салтын насихаттауды табанды түрде жалғастырып келеді.

Мектеп әкімшілігі ішкі мектеп мониторингі жоспарына сәйкес сабақтарға қатысып отырды. Әкімшілік пен мектептің әдістемелік қызметінің маңызды бағыты – мұғалімдердің кәсіби шеберлігін жетілдіру, оларды курстық біліктілікті арттыру жүйесі арқылы оқыту, аттестациядан өтуге ынталандыру. Мектептің әдістемелік жұмысы пәндерді оқытудағы әдістемелік деңгейін арттыруға бағытталған, бұл өз кезегінде оқушыларға сапалы білім беру, оларды әлеуметтік ортада бейімделуге үйрету, өздігінен білім алу, оқу мен пәнге деген қызығушылықты арттыру, БЖБ мен ТЖБ, емтихан және МОДО-ға дайындау секілді міндеттермен байланысты.

Нұрмағанова М.С., Сапарбек Н., Аманжол Әдiй сынды мұғалiмдердiң үздiк сабақтары ерекше атап өтiлдi. Мұғалiмдер оқушылардың есте сақтау, ойлау, монологиялық сөйлеу қабiлеттерiн дамыту, қарым-қатынас жасау, бiлiмдi тәжiрибеде қолдану, сабақ жүргiзудiң барлық кезеңдерiне көңiл бөлу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану бағытында жұмыс жүргiзуде.

Мұғалiмдердiң бiлiктiлiгiн арттыру – заман талабы. ХХI ғасыр – ақпараттық технологиялар ғасыры. Технологиялар, коммуникациялар мен ғылым салаларындағы өзгерiстер мұғалiмдерге де жаңа талаптар қояды. Мұғалiмдер бiлiм мазмұнын жаңарту үдерiстерiнде өз рөлiн түсiнiп, жаңа әдiстердi енгiзудi қамтамасыз ете бiлуi қажет.

Қазiргi мектептiң басты миссиясы – «ел болашағын» және «ұлт болашағын» тәрбиелеу мен оқыту. Қоғам мұғалiмге жоғары талаптар қояды. Әлем өзгерiп жатыр, мұғалiм де заманауи өзгерiстерге бейiм болуы тиiс. Сол себептi әр педагог заман ағымынан қалмай, үнемі үйренiп, шеберлiгiн шыңдап отыруы қажет. Шын ұстаз болу үшiн, алдымен өзiн дамыту керек, белсендi оқыту әдiстерi мен тәсiлдерiн iздеуi қажет. Осы мақсатта биылғы оқу жылында мектеп мұғалiмдерi «Өрлеу» бiлiктiлiктi арттыру ұлттық орталығында онлайн және офлайн курстардан өттi.

2024–2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖҰМЫС ЕСЕБІ

2024–2025 оқу жылы iшiнде мектепте Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы (АПҚО) белсендi жұмыс iстедi. Орталықтың қызметi бiлiм беру ұйымы мен оқушылардың отбасылары арасындағы тиiмдi өзара iс-қимылды қамтамасыз етуге, әрбiр баланың әл-ауқаты мен дамуына қолайлы жағдай жасауға бағытталды.

Орталықтың негiзгi мақсаты – позитивтi тәрбие мәдениетiн дамыту арқылы қазақстандық балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету.

Осы мақсатқа жету үшiн келесi **мiндеттер** қойылды:

- Ата-аналарға жүйелi педагогикалық қолдау көрсету: педагогикалық мәдениеттi, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтiк құзыреттердi дамыту. Бұл – ата-аналарды жас ерекшелiк психологиясымен, ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерге негiзделген тиiмдi қарым-қатынас пен тәрбиелеу әдiстерiмен таныстыруды қамтыды.
- Мектеп пен отбасы арасындағы өзара байланысты нығайту: балалардың үйлесiмдi дамуына ықпал ететiн бiрыңғай тәрбие кеңiстiгiн құру.
- Ата-аналардың мотивациясын арттыру: ата-аналарды отбасы тәрбиесiне белсендi тарту және балаларының дамуы мен әл-ауқатына деген қызығушылығын арттыру.

Орталықтың жұмысында ұстанылған қағидаттар:

- **Ұлттық мәдениетке, құндылықтарға және дәстүрлерге сүйену:** тәрбие процесi Қазақстанның рухани-адамгершiлiк бағдарлары мен мәдени ерекшелiктерiмен

ұштастырылды.

- **Гуманистік бағыт:** әрбір бала мен ата-ананың даралығы мен құндылығын мойындау, құрмет пен қолдау атмосферасын құру.
- **Ата-аналарды оқытуда даралық пен саралау:** отбасының әртүрлі сұраныстары мен қажеттіліктерін ескере отырып, мақсатты көмек пен кеңес беру.
- **Заманауи ғылым мен тәжірибе жетістіктерін қолдану:** педагогика мен психология саласындағы өзекті әдістер мен тәсілдерді пайдалану.
- **Әлеуметтік әріптестікті кеңейту:** көрсетілетін қызметтердің сапасы мен аясын арттыру үшін сарапшыларды, мамандарды және ресурстық ұйымдарды тарту.

АПҚО-ның жұмысына оқушылардың ата-аналары, мектеп әкімшілігі, әлеуметтік педагог, педагог-психолог және сынып жетекшілер белсенді қатысты. Сабақтар мектептің білікті мамандары: тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, әлеуметтік педагог, психолог, сынып жетекшілер, сондай-ақ әскери жетекші, дене шынықтыру мұғалімі, медицина қызметкері, кітапханашы мен пән мұғалімдерінің қатысуымен жүргізілді.

Оқу жылы басында педагогикалық ұжым үшін **ұйымдастыру семинары** өткізілді. Мақсаты – мұғалімдерді АПҚО-ның жұмыс жоспарымен, негізгі міндеттері мен қағидаттарымен таныстыру. Ата-аналармен жүйелі өзара іс-қимылдың тәрбиелік жұмысты табысты іске асырудағы маңыздылығы ерекше атап өтілді.

Жыл бойы **сынып жетекшілер бірлестігінің отырыстары, әдістемелік кеңестер және мектеп директоры жанындағы жиындар** тұрақты түрде өткізілді. Бұл жиындарда АПҚО жұмысының барысы талданып, ата-аналардың өзекті мәселелері мен сұраныстары талқыланды, өткізілген іс-шаралардың тиімділігі бағаланып, алдағы жұмыс жоспарланды. Әріптестік тәсіл туындаған қажеттіліктерге жедел әрекет етуге мүмкіндік берді.

Іс-шаралардан үзінділер:

- **1–4 сынып оқушылары үшін** «Отбасындағы қолайлы климат: ата-аналық назар, қолдау, позитивті қарым-қатынас» тақырыбында ойын элементтері мен тренингтер қамтылған дөңгелек үстел өткізілді. Ата-аналар сенім мен қолдау атмосферасын қалыптастыру әдістерін талқылады.
- Ата-аналар жиналысында «Баланың әл-ауқаты – бақытты өмірінің негізі» тақырыбы көтерілді. Баланың жас ерекшеліктері, ұйқы мен дұрыс тамақтанудың маңызы қозғалды.
- «Отбасы мен мектептің ынтымақтастығы – балалардың оқуға деген ынтасын арттыру жолы» тақырыбында диагностикалық элементтері бар тренинг өтті.
- «Темпераменттің оқу үлгерімі мен мінез-құлыққа әсері» тақырыбында кофе-брейк форматында сабақ ұйымдастырылды.
- «Ойын – баланы дамыту құралы» атты семинар ойын түрінде өтті.
- «Балаларды ойынға тәуелділіктен қалай қорғауға болады?» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Компьютерлік ойындардың психикаға әсері мен балама демалыс түрлері талқыланды.

- «Қиын жағдайдағы баланың күйін тану және түсіну» атты тренинг барысында ата-аналар агрессия, өтірік, истерика сияқты мінез-құлық көріністеріне қалай әрекет ету керектігін үйренді.

- «Бала мен ересектердің бірге өткізетін уақытының маңыздылығы» тақырыбында ата-аналарға лекторий өтті.

- «Отбасылық дәстүрлер мен хоббиер – бірліктің кепілі» атты қорытынды дөңгелек үстел өткізілді.

- **5–9 сынып оқушылары үшін «Жаңа оқу жағдайларына бейімделу»** тақырыбында ойын және тренинг элементтері бар дөңгелек үстел өтті.

- «Позитивті ата-аналық: тыңдау, есту, түсіну» атты ата-аналар жиналысы өтті. Жасөспірімдердің жас ерекшеліктері, олардың күшті жақтарына назар аудару әдістері қарастырылды.

- «Балаға кілт табу» тақырыбында анкеталық ойын форматында дөңгелек үстел өткізілді.

- Жыл бойына «Білім алудан қуаныш табу: балаға оқуға көмектесудің жолдары» атты шеберлік сабағы жоспарланды.

Қорытынды:

2024–2025 оқу жылы ішінде Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы ауқымды әрі жүйелі жұмыс атқарды. АПҚО қызметі ата-аналарды психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қолдауға, олармен сенімді әрі дамытушы қарым-қатынас орнатуға бағытталды. Бұл жұмыс мектеп пен отбасы арасындағы байланысты нығайтуға айтарлықтай үлес қосып, өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеудің табысты негізі болды.

«Жүрек» аналар кеңесінің 2024–2025 оқу жылындағы жұмысына талдау

2024–2025 оқу жылы ішінде «Жүрек» аналар кеңесі бекітілген жоспарға сәйкес өз қызметін жүзеге асырды. Кеңестің негізгі мақсаты – қыз балаларға ұлттық тәрбиені насихаттау, көне қазақ дәстүрлерін қазіргі заманның жетістіктерімен үйлестіре отырып, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру болды.

Кеңестің алдына қойған міндеттері мен оларды жүзеге асыру барысы:

1. Қыз балалардың ой-өрісін кеңейту, дүниетанымын, этикалық-эстетикалық талғамын, ойлау қабілетін дамыту, ұлттық құндылықтарды меңгерту. Бұл бағытта қыз балалардың қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлері туралы білімін тереңдетуге арналған түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Құжаттарда нақты формалары егжей-тегжейлі көрсетілмесе де, видеороликтерді көру арқылы тәрбиелік жұмыс жүргізілгені байқалады.

2. Қоғамдағы мінез-құлық мәдениетін үйрету, этикет нормаларын меңгерту. Қыз балаларға әдептілік, сыпайылық, өзін-өзі ұстау ережелері туралы түсінік қалыптастыру мақсатында әңгіме, тренинг, үлгілік жағдаяттарды талқылау секілді жұмыстар атқарылған деп айтуға болады.

3. Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері туралы кең ауқымды ақпарат беру. Бұл – кеңестің басты бағыттарының бірі. Қазан айында «Менің отбасым» атты бейнеролик көрсетіліп, отбасы құндылықтары мен дәстүрлері жөнінде ой қозғауға ықпал етті. Бұл тақырып басқа да кездесулерде жалғасын тапты деп болжауға болады.

4. Ұлтжанды, жан-жақты тұлға тәрбиелеу, дәстүр мен ұлттық моральды құрметтеуге баулу. Кеңестің барлық жұмысы осы мақсатпен астасып жатты.

Дәстүрлермен танысу, өмірден алынған мысалдар арқылы тәрбиелік әңгімелер өткізу арқылы қыз балалардың адамгершілік сапаларын дамыту көзделді.

Жоспар бойынша өткізілген іс-шаралар:

– **Қыркүйек айында** кеңес мүшелерінің жиналысы өтті. Бұл – алдағы жұмысқа дайындық пен үйлестірудің маңызды кезеңі болды. Іс-шараға мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары жауапты болды.

– **Қазан айында** «Менің отбасым» атты бейнеролик көрсетілді. Бұл – отбасы құндылықтарын, ұлттық дәстүрлерді терең түсіндіруге бағытталған, эмоциялық әсері күшті тәрбие құралы болды. Жауапты тұлға ретінде сынып жетекшісі белгіленді.

Тиімділікке талдау және ұсыныстар:

Жалпы алғанда, «Жүрек» аналар кеңесі өз мақсатын айқын белгілеген және жүйелі жұмыс жүргізген. Кеңес отырыстарының тұрақты өткізілуі, визуалды материалдарды пайдалану – жұмыстың жүйелілігін көрсетеді. Алайда жұмысты одан әрі жетілдіру үшін бірнеше ұсыныс беруге болады:

- **Іс-шаралардың нақты формаларын көрсету:** Келешекте жоспар мен есепке этикеттік тренингтер, табысты әйелдермен кездесулер, ұлттық қолөнер бойынша шеберлік сабақтары, моральдық тақырыптағы пікірталастар секілді нақты жұмыстар енгізілгені жөн.

- **Нәтижелілік көрсеткіштері:** Тек өткізілген іс-шараларды ғана емес, оның нәтижесін де көрсету маңызды (қатысушылар саны, кері байланыс, сауалнама қорытындысы, қыз балалардың тәртібі мен дүниетанымындағы оң өзгерістер сияқты деректер арқылы).

- **Басқа құрылымдармен өзара байланыс:** Мектептегі басқа құрылымдармен, атап айтқанда ПҚБА және мектептегі ұйымдармен өзара іс-қимылды нақты көрсету – кеңестің жұмысын тиімді үйлестіруге септігін тигізеді.

Қорытындылай келе, «Жүрек» аналар кеңесі ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, инабатты қыз баланы тәрбиелеу бағытында мақсатты жұмыс жүргізді. Келесі оқу жылында іс-шаралардың түрлерін нақтылап, олардың тиімділігін бағалауға бағытталған жұмыстар жүргізілсе, кеңестің қызметі одан әрі нәтижелі болмақ.

2024–2025 оқу жылындағы «Әкелер кеңесінің» атқарған жұмысы туралы есеп

2024–2025 оқу жылында мектепте «Әкелер кеңесі» белсенді жұмыс атқарды. Бұл кеңес ресми түрде 2025 жылдың 23 ақпанында құрылып, өз қызметін бастады. Кеңестің қызметі – отбасындағы әкенің тәрбиелік рөлін арттыру, балалардың дамуына және тәрбиесіне қолдау көрсету, сондай-ақ оқушылардың үйлесімді дамуына қажетті жағдайларды қалыптастыруда педагогтарға көмек көрсетуге бағытталды.

Кеңестің мақсаттары мен міндеттері:

Кеңестің негізгі мақсаты – әкелердің тәрбиелеу, дамыту және оқыту үдерісіне қатысуын арттыру, балалардың дамуы мен өзін-өзі жүзеге асыруына қолайлы жағдай жасауға атсалысу, оқыту мен тәрбиелеу мазмұнын байыту тетіктерін әзірлеу, сондай-ақ спорттық және туристік іс-шаралар ұйымдастыру.

Міндеттер қатарында: ер адамдарды тәрбиелеу жұмысына тарту, балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға қатыстыру, оқушылардың даму және тәрбие мәселелерін бірлесіп шешу, мектепте қолайлы ахуал қалыптастыру, әкеліктің қоғамдық, саяси және мәдени өмірдегі мәртебесін көтеру, әкелердің мәдени және рухани әлеуетін арттыру көзделді.

«Әкелер кеңесінің» жұмысын ұйымдастыру (2025 жылғы ақпан айынан бастап):

Ұйымдастыру кезеңі: 2025 жылдың ақпан айында «Әкелер кеңесі» ресми түрде құрылып, алғашқы ұйымдастыру отырысы өтті. Бұл отырыста кеңес мүшелері арасында міндеттер бөлініп, құрылымдық әрі мақсатты жұмысқа негіз қаланды. Кеңес төрағасы ретінде Тұрымбаев Қайрат Амангелдинұлы сайланып, мүшелері ретінде Мамытов Б.А., Қалиев Мұрат Сералиұлы, Жақыпов Азамат Маратович, Қайрақов Михаил Анатольевич, Смайылов Мұрат Тлеулесұлы, Торғаутов Кәріпұла Хамитұлы бекітілді.

Кеңестің жұмысы ақпаннан бастап оқу жылының соңына дейінгі уақытты қамтыды.

1. Проблемалық оқушылармен жұмыс:

Ақпан мен мамыр аралығында кеңес мүшелері мінез-құлқында немесе оқуда қиындықтары бар оқушылармен жеке әңгімелесу өткізді. Бұл әңгімелердің мақсаты – қиындық себептерін анықтау, қолдау көрсету, оңтайлы шешім жолдарын табу. Сонымен қатар, кеңес мүшелері осы оқушылар оқитын сыныптардағы сабақтарға қатысып, олардың оқу ортасын көзбен көріп, мұғалімдермен өзара әрекеттесу ерекшеліктерімен танысты.

2. Психологиялық қолдау:

Мектептің педагог-психологтары мен әлеуметтік педагогтары әкелермен кездесулер ұйымдастырып, ұл балалардың дамуы мен тәрбиесі тақырыбында кеңестер өткізді. Бұл кездесулер отбасындағы тәрбиенің психологиялық аспектілерін түсіндіруге бағытталды.

3. Спорттық-сауықтыру және бос уақытты ұйымдастыру:

Ақпан мен мамыр айлары аралығында әкелер мен ұл балалар арасында спорттық жарыстар өтті. Бұл шараларды кеңес төрағасы, тәрбие ісі жөніндегі орынбасар және дене шынықтыру пәні мұғалімі ұйымдастырды. Жарыстар балалар мен ата-аналар арасындағы байланысты нығайтып, салауатты өмір салтын насихаттауға ықпал етті.

4. Ортақ демалыс және серуендер (мамыр–маусым):

Мамыр және маусым айларында кеңес мүшелері мен ұл балалардың табиғатқа бірлескен жорықтары мен экскурсиялары ұйымдастырылды. Бұл іс-шаралар бейресми қарым-қатынас орнатуға, ұжымдық ынтымақтастықты нығайтуға және табиғатты сүйуге тәрбиелеуге септігін тигізді.

Қорытынды:

Әкелер кеңесі оқу жылының соңына қарай құрылғанына қарамастан, қысқа уақыт ішінде нәтижелі жұмыс атқарды. Ұйымдастыру шараларынан бастап, тәрбиелік және бос уақытты тиімді ұйымдастыру бағытында бірқатар маңызды жұмыстар жүзеге асты. Кеңестің қызметі мектеп өміріне әкелердің белсенді қатысуын қамтамасыз етіп, оқушылардың тәрбиесіне оң әсер етті. Кеңестің бастамасы болашақта оның жұмысын кеңейтіп, мектеп қоғамдастығындағы рөлін күшейтуге берік негіз қалады.

Сондай-ақ, мектепте құқық бұзушылықтардың, темекі шегудің, алкоголь мен есірткі заттарын қолданудың, интернетке тәуелділіктің, сондай-ақ дін саласындағы теріс ағымдардың алдын алу бойынша да белсенді жұмыс жүргізілуде. Бұл бағыттарда жоспарлы іс-шаралар жүйелі түрде өткізіліп келеді. Барлық фотоматериалдар мен жарияланымдар қоса беріледі.

«Бұланды ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің 2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

- 1) «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.
- 10) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.
- 11) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы.

2022-2023 оқу жылында еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасын жүзеге асыру арқылы оқытудың құндылықты-бағдарлық тәсілін енгізу тәрбие жұмысының ерекшелігі болып табылады.

Аталған жобаның мақсаты:

- білім алушылардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге бағытталған жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамыту;
- білім алушылардың өзін-өзі тануын, өздігінен дамуын, әлеуметтік жауапкершілігін және әлеуметтенуін қалыптастыру;
- экологиялық мәдениетін, салауатты және қауіпсіз өмір салтын тәрбиелеу.

Тәрбие жүйесін білім беру ұйымының ұжымы бірігіп жүзеге асырады. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясы аясында отбасылық тәрбие құндылықтары, сондай-ақ, оқу және тәрбие процестерінің өзара кірігуі негізінде білім беру процесінің тәрбиелік әлеуетін арттыруға, оқыту мен тәрбиенің кіріктіруге негізделген.

«Бұланды а.ЖОББМ» КММ психологиялық қызмет жұмысының 2022-2025 оқу жылдарына арналған үш жылдық талдауы

Педагог-психолог: Абилкалыкова Д.Е.

1.Психологиялық қызметтің мақсаттары мен міндеттері

Мақсаты: Білім алушыларды табысты оқыту, дамыту, әлеуметтендіру және кәсіби білім беру траекториясын саналы таңдауды қалыптастыру

Міндеттері: Білім беру қызметіндегі қиындықтарды анықтау және диагностикалау, кеңес беру, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету және білім беру ортасында қолдау көрсету студенттердің, оқушылардың, мұғалімдердің, ата-аналардың немесе басқа да заңды өкілдердің психологиялық салауаттылығын сақтауды және нығайтуды қамтамасыз ету.

Мектептегі психологиялық қызмет екі тілде жүргізілді: қазақ тілі және орыс тілі.

Мектептегі психологиялық қызмет келесі бағыттар бойынша жұмыс жүргізілді:

- алдын-алу және ағарту жұмысы;
- диагностика;
- кеңес беру;
- түзету-дамыту жұмысы;
- ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс;

1)1-ші және 5-ші сынып оқушыларының бейімделуі.


1,5сынып оқушыларына диагностика оқу дағдыларын, танымдық қабілеттерін және бейімделу деңгейін анықтау мақсатында жүргізілді. Соңғы үш жылда 1 сынып оқушыларының мектепке бейімделуін зерттеу мақсатында келесі диагностикалық әдістемелер қолданылды:

- Керн Йиарсек «Мектептегі жетілу» әдістемесі
- «Мен оқушымын» әдістемесі
- «Төртінші артық» әдістемесі
- «Жүзіктер» әдістемесі
- «10сөзді есте сақта» әдістемесі
- Эльконин «Графикалық диктант» әдістемесі

1-сынып оқушыларының мектептегі оқуға бейімделу нәтижелері кесте түрінде ұсынылады

Оқу жылдары	2022-2023ж	2023-2024ж	2024-2025ж
әдістемелер/ оқушылар саны	4	7	2
«Мен оқушымын» әдістемесі	Оң көзқарас -75% Аздаған алаңдаушылық бар – 25%	Оң көзқарас -71% Аздаған алаңдаушылық бар – 29%	Оң көзқарас -50% Аздаған алаңдаушылық бар – 50%
Керн Йиарсек «Мектептегі жетілу» әдістемесі	жоғары -25% орташа – 75%	жоғары -43% орташа – 57%	жоғары -50% орташа – 50%
«Төртінші артық» әдістемесі	жоғары -75% орташа – 25%	жоғары -57% орташа – 43%	жоғары -50% орташа – 50%
«Жүзіктер» әдістемесі	жоғары -50% орташа – 25% төмен - 25%	орташа – 71% төмен - 29%	жоғары -50% орташа – 50%
«10сөзді есте	орташа – 75%	жоғары -29%	орташа – 100%

сақта» әдістемесі	төмен - 25%	орташа – 57% төмен - 14%	
Қорытынды	Оқушылардың көбі мектепке жақсы бейімделген, бірақ кейбір балаларда мазасыздық бар, эмоционалдық жағдайына көңіл бөлуді талап етеді. Есте сақтау мен зейіні төмен оқушыға қосымша назар аударып, дамыту тапсырмалар беру қажет. Бейімделу тренингтерін жүргізу керек.		




Соңғы үш жылда 5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін зерттеу мақсатында келесі диагностикалық әдістемелер қолданылды:

- Филлипс «қобалжу деңгейін анықтау» әдістемесі
- Г.А.Карпов «5-8сынып оқушыларына арналған мотивациясы» әдістемесі
- Дж.Морено «Социометрия»

5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделу нәтижелері кесте түрінде ұсынылады

Оқу жылы	2022-2023ж	2023-2024ж	2024-2025ж
Оқушылар саны	8	12	3
Нәтижесі	37% - бейімделуі жақсы өтіп жатыр 63%-бейімделе алмай жатыр	83% - бейімделуі жақсы өтіп жатыр 17%-бейімделуі төмен деңгейде.	67% - бейімделуі жақсы өтіп жатыр 33%-бейімделуі төмен деңгейде.
Қорытынды	Қобалжуы бар және мотивациясы төмен оқушылар кездесуде. Осы мәселерге көңіл аудара отырып бейімделу тренингтері жүргізу қажет		



Диагностикамен қатар оқушылардың сыныптағы эмоционалдық климат, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым қатынас деңгейін бағалау мақсатымен сабақтарға қатысып бақылау жүргізіп, қажет болған жоғдайда мұғалімге әдістемелік көмек көрсету. Қажет болғанда 1,5сынып жетекшілері мен ата-аналарымен оқушылардың оқу-тәбиелік үдерісіне бейімделуін қолдау және ынтымақтастықты нығайту мақсатында консультация жүргізілді. 1сынып оқушылары үшін мектеп тәлімгерінің және бастауыш

сынып жетекшілерінің көмегімен үлкен үзілісте бастауыш сыныптарға оқушылардың белсенді демалу, достық қарым қатынас орнату және эмоционалдық жағымды орта орнату мақсатымен ойындар ұйымдастырылды. Ата-аналар жиналысында балаларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету мақсатымен «Бірінші сынып оқушыларының мектепке бейімделуі» және «Бесінші сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі» атты баяндама жүргізілді. Педагогикалық кеңесте бейімделу деңгейін арттыру мақсатымен «Бірінші сынып оқушыларының мектепке бейімделуі және бесінші сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі» атты баяндама өткізілді. Оқушылардың мазасыздығын азайту, ыңғайлы өзара әрекеттесуді орнату, өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту, мектепке оң көзқарас қалыптастыру, оқу процестерін арттыру мақсатында бейімделу тренингтері өткізілді.


Ссылки: <https://www.instagram.com/reel/CxXnxOmM8U0/?igsh=MTcyymNmdjl3Ynk1MA==>
<https://www.instagram.com/p/CxXlyWuMRTI/?igsh=YmNyODZ6cWcwY3Nr>

2)Қобалжу деңгейін анықтап жұмыс жүргізілуі.

5-11сынып оқушыларының қобалжу деңгейін анықтап жұмыс жүргізілуі. Зерттеудің мақсаты: орта мектеп жасындағы балалардағы мектепке байланысты мазасыздықтың деңгейі мен сипатын зерттеу.

5-11сынып оқушылар саны кесте ретінде ұсынылды

Оқу жылы	2022-2023жж	2023-2024ж	2024-2025ж
5-11сынып оқушылар саны	35	35	34
Қобалжуы жоғары оқушылар саны	5	6	2



5-7сынып оқушыларымен Филлипс «Қобалжу деңгейін анықтау» әдістемесі және 8-11сынып оқушыларымен Спилбергер-Ханин «Мектептегі мазасыздық деңгейін анықтау» әдістемесі жүргізілді.

2022-2023оқу жылы 5-11сынып оқушыларын диагностикадан өткізгенде қобалжуы жоғары 5 оқушы анықталды 14% құрайды. 5 оқушы 8-11сынып оқушылары: 8сыныпта -2оқушы, 9сыныпта -1 оқушы, 10сыныпта – 2оқушы. Сынып жетекшілерімен жеке кеңес өткізіліп ұсыныстар берілді. 5 оқушыны бір топқа бірігіп жоспар құрылды. Оқушылармен қарым-қатынас орнату, өзін-өзі бағалауды арттыру, эмоцияны басқаруға үйрету, алаңдаушылықтың жоғары деңгейін төмендету, қорқынышты жеңу, оқушылар арасындағы қарым-қатынасты жақсарту мақсатымен тренингтер жүргізілді.

2023-2024оқу жылы 5-11сынып оқушыларымен диагностика жүргізгенде қобалжуы жоғары 6оқушы анықталды 17% құрайды: 5сыныпта- 1оқушы, 7сыныпта – 2оқушы, 9сыныпта – 2оқушы, 11сыныпта- 1оқушы. Сынып жетекшілерімен жеке кеңес өткізіліп ұсыныстар берілді. 5-7 сыныптар жиынтықта бірге оқығандықтан, түгел сыныппен бір топ құрылды. Барлығы 8оқушы болды. 5-7сыныптың оқушылармен қарым-қатынас орнату, өзін-өзі бағалауды арттыру, эмоцияны басқаруға үйрету, алаңдаушылықтың жоғары деңгейін төмендету, қорқынышты жеңу, оқушылар арасындағы қарым-қатынасты жақсарту мақсатымен тренингтер жүргізілді: «Топты біріктіру. Ережелерді бекіту», «мектептегі қобалжу», «Қобалжуды шешу», «Менің қолымнан барлығы келеді», «Достасқым келеді». 9 сыныпта 2оқушы және 11сыныпта бір оқушы болғандықтан, сыныптарын бірігіп бір топ құрылды.Барлығы 6оқушы болды. Оқушылардың эмоциялық тұрақтылығын арттыру мақсатында

тренингтер өткізілді: «Тұлғаралық қарым қатынасты арттыру», «Эмоциялармен қалай күресуге болады?», «Қобалжуды жеңу», «қобалжуды жеңу», «Өз-өзіне сенімділікті арттыру».

2024-2025 оқу жылы 5-11 сынып оқушыларымен диагностика жүргізгенде қобалжуы жоғары екі оқушы анықталды 6% құрайды: 5 сынып оқушысы – 1 және 9 сынып оқушысы -1. Сынып жетекшілерімен жеке кеңес өткізіліп ұсыныстар берілді. 5 оқушысы сыныппен бейімделу деңгейін анықтау диагностикасы жүргізілгенде анықталды. Қобалжуы бар оқушы ескеріліп сыныппен бейімделу тренингтері өткізілді. 9 сынып оқушысы консультация өткізгенде қобалжуының жоқтығы анықталды (сұрақтарға жауап бергенде асығып белгілей салды). Тәуекел тобына енгізілген жоқ, бірақ сынып жетекшісімен бірге бақылау жүргізілді.



3) Мамандықты анықтауға бағытталған психологиялық-диагностикалық жұмысы

Мектебімізде оқушылардың болашақ кәсіби бағыт-бағдарын айқындау, өзіндік қабілет пен қызығушылықтарын анықтау мақсатында жыл сайын 8–11-сынып оқушыларымен кәсіби бағдар беру бағытындағы психологиялық-диагностикалық жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келеді.

2022–2023 оқу жылы кәсіби бағдарлау жұмыстарына 8–11-сыныптардан жалпы саны 19 оқушы қамтылды. Диагностикалық зерттеу келесідей әдістемелер арқылы жүзеге асырылды:

8-сынып оқушылары (7 оқушы): мамандықты анықтау мақсатында «Профиль» сауалнамасы және Дж. Холландтың «Тұлға типтері» әдістемесі қолданылды. Бұл әдістемелер оқушылардың қызығушылықтары мен тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, оларға сәйкес келетін мамандық бағыттарын айқындауға мүмкіндік берді.

9-сынып оқушылары (6 оқушы): кәсіби бейімділікті анықтау үшін Йовайшийдің «Белгілі бір мамандыққа икемділігі» әдістемесі және «Ойлау типі» диагностикасы жүргізілді. Бұл зерттеу оқушылардың нақты кәсіби салаға деген икемділігі мен танымдық ойлау ерекшеліктерін бағалауға бағытталды.

10 және 11-сынып оқушылары (6 оқушы): кәсіби қызығушылықтар мен темперамент ерекшеліктерін анықтау мақсатында Е. Климовтың кәсіби бағдарлау диагностикалық әдістемесі (ДДО) және Айзенктің «Темперамент түрлері» тесті жүргізілді.

2023–2024 оқу жылы диагностикалық жұмысқа 8–11-сыныптардан 13 оқушы қатысты. Психологиялық зерттеу келесі бағыттарда ұйымдастырылды:

8 және 11-сынып оқушылары (4 оқушы): «Профиль» және Дж. Холландтың «Тұлға типтері» әдістемелері арқылы кәсіби бағыт-бағдар анықталды.

9-сынып оқушылары (6 оқушы): Йовайшийдің әдістемесі негізінде кәсіби икемділік пен ойлау типі зерделенді.

10-сынып оқушылары (2 оқушы): Климовтың ДДО және Айзенк тесттері арқылы кәсіби бейімділік пен темпераментке талдау жүргізілді.

2024–2025 оқу жылында кәсіби бағдар жұмыстары 8–10-сыныптар арасында жүргізіліп, барлығы 13 оқушы қамтылды. Зерттеу барысында «Профиль» сауалнамасы мен Дж. Холландтың «Тұлға типтері» әдістемесі қолданылды. Бұл әдістемелер оқушылардың мамандық таңдаудағы негізгі ұстанымдары мен жеке қызығушылықтарын айқындауға мүмкіндік берді.

Диагностикалық жұмыстар нәтижелері бойынша әр сынып жетекшісімен жеке кеңестер ұйымдастырылып, оқушылардың кәсіби бейімділіктері туралы мәліметтер ұсынылды. Сонымен қатар, оқушылардың өздерімен, олардың ата-аналарымен және пән мұғалімдерімен жеке консультациялар мен тренингтер өткізілді. Аталған шаралар «Мамандықты дұрыс таңдау – болашақтың кілті» қағидасын негізге ала отырып, кәсіби өзін-өзі анықтауға көмектесуге бағытталды.

Бұл жұмыстар оқушылардың өз әлеуетін дұрыс бағалауына, болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға, ал ата-аналар мен педагогтардың осы үдерісте тиімді қолдау көрсетуіне ықпал етті.



4)9,11-сынып оқушыларын мемлекеттік емтиханға және ҰБТ-ға дайындау

Соңғы үш жыл ішінде мектебімізде 9-сынып оқушыларын қорытынды емтиханға дайындау барысында олардың психологиялық күйзелісін төмендету, өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру және ішкі сенімділікті арттыру мақсатында жүйелі түрде психологиялық тренингтер ұйымдастырылып келеді. Бұл тренингтердің басты мақсаты – оқушылардың емтихан алдындағы алаңдаушылық сезімдерін жеңілдетіп, эмоционалдық тұрақтылықты сақтауға көмектесу, өзін-өзі басқару, сабыр сақтау мен қиындықтарда шешім қабылдау қабілеттерін дамыту болды. Тренингтер барысында релаксациялық жаттығулар, өзін-өзі реттеу тәсілдері, сенімділікті арттыруға бағытталған психологиялық ойындар мен тапсырмалар қолданылды. Нәтижесінде, оқушылардың емтиханға деген көзқарасы өзгеріп, жауапкершілік сезімі артып, өз күшіне сенімділікпен қарауға мүмкіндік алды.

Сонымен қатар, үш жыл көлемінде 11-сынып оқушыларын ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындау кезеңінде де кешенді психологиялық қолдау жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда, «Табысқа апаратын жол» бағдарламасы аясында оқушылармен жүйелі түрде жұмыс жасалып, олардың мінез-құлық стратегиясы мен тактикасын пысықтау, өзін-өзі бақылау және реттеу, мотивацияны арттыру бағыттарында тренингтер ұйымдастырылды. Бұл бағдарламаның басты ерекшелігі – әрбір оқушының жеке психологиялық ерекшеліктеріне мән бере отырып, сенімділік пен табандылықты дамытуға бағытталуы. Тренинг барысында оқушыларға стресс жағдайында өзін-өзі ұстау, уақытты тиімді басқару, қиындықтармен күресу сияқты маңызды дағдылар үйретілді. Оқушылардың кері байланыстары мен психологиялық бақылау нәтижелері бұл жұмыстың тиімділігін көрсетті.

Ата-аналармен жүргізілген жұмыс та назардан тыс қалған жоқ. Соңғы үш жылда ата-аналар жиналыстары аясында «ҰБТ-ны сәтті тапсырудағы ата-ананың рөлі» атты тақырыпта ақпараттық-кеңестік бағыттағы баяндамалар оқылып, ата-аналарға балаға психологиялық қолдау көрсету, жағымды орта қалыптастыру, артық қысым жасамау, мотивацияны арттыру жолдары туралы ұсыныстар берілді. Ата-аналармен кері байланыс орнатылып, олардың сұрақтарына жауап берілді, мазасыздықты азайтуға бағытталған практикалық кеңестер ұсынылды.

Сонымен қатар, педагогикалық ұжым арасында да түсіндіру, қолдау жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында педагогикалық кеңес отырысында «Емтихан алдында оқушыны қалай қолдау керек?» тақырыбында баяндама жасалып, ұстаздарға оқушылармен қарым-қатынаста психологиялық қолдау көрсету, жағымды мотивация беру, күйзеліске түспеу жолдарын үйрету мәселелері көтерілді. Бұл бағыттағы жұмыс мұғалімдер тарапынан қолдау тауып, оқу-тәрбие процесіне оң ықпал етті.

Жалпы алғанда, атқарылған бұл жұмыстар оқушылардың психологиялық дайындық деңгейін арттыруға, ата-аналар мен педагогтардың қолдау көрсетуіне бағытталған жүйелі әрі тиімді шаралар ретінде өз нәтижесін беріп отыр.





5) Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс

<u>Оқу жылы</u>	<u>Жыл басындағы оқушылар саны</u>	<u>Жыл соңындағы оқушылар саны</u>
<u>2022-2023оқу жылы</u>	<u>8</u>	<u>9</u>
<u>2023-2024оқу жылы</u>	<u>7</u>	<u>6</u>
<u>2024-2025оқу жылы</u>	<u>5</u>	<u>7</u>

2022-2023оқу жылы ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕББҚ)бар балалар оқу жылдың басында 8оқушы, оқу жылдың соңында 1оқушы(мүгедектік есебінде тұр) ПМПК қорытындысымен қосылды. Бір оқушыда жеңілдетілген ақыл ой кемістігі, ал қалған 8оқушыда психикалық дамудың тежелуі (ПДТ).

2023-2024оқу жылы ЕББҚ бар балалар саны 7оқушы болды. Бір оқушыны ПМПК есебінен шешілді. Бір оқушыда жеңілдетілген ақыл ой кемістігі, ал қалған 7оқушыда психикалық дамудың тежелуі (ПДТ).

2024-2025оқу жылы ЕББҚ бар балалар оқу жылдың басында 5оқушы, оқу жылдың соңында 2оқушы қосылды. 2оқушыда орташа дәрежедегі ақыл ой кемістігі, оның ішінде біреуі мүгедектік есебінде тұр. 2оқушыда шекаралық деңгейдегі ақыл ой кемістігі, қалған 3оқушыда психикалық дамудың тежелуі (ПДТ)


Кейбір оқушыларды біріктіріп топ құрылды, кейбіреулеріне жеке түзету-дамыту жоспары құрылып жұмыс атқарылды. Оқу жылының басында бастапқы және соңында қорытынды диагностика жүргізілді.

Жылда жоспарды құрғанда осы бағыттар қамтылды: танымдық процесстерді дамыту(ойлау, есте сақтау, зейіні, қабылдау), ұсақ-моториканы дамыту, эмоционалдық тұрақтылық пен өзін өзі реттеу.

Психологиялық релаксация, сенсорлық жаттығулар, арттерапия, струп тест, шульте, алфавит, қол алфавиті,графикалық жаттығулар, 4-ші артық, корректурная проба, жаңылтпаштар, лабиринт, айырмашылықты, табу, пазл жинау, ойындар, фонематикалық сөздер тізбегі, салыстыру, үлкен кішкентай сандар, раскраска және т.б. түрлі әдіс тәсілдер қолданылады.

Нәтижелері: Танымдық процестері біртіндеп дамып келеді, оқу мотивациясы өзін өзі бақылауы мен эмоционалдық еріктік сферасы артып келеді.

Ата аналарымен және сынып жеткшілерімен жеке кеңес өткізіліп тұрды. Қосымша логопедиялық және дефектологиялық қолдауды қажет етеді.



6) Ата аналар және педагогтармен жұмыс

2022-2023оқу жылы ата-аналар жиналысында «суицидті алдын алу», «Балалардың өміріне, денсаулығына және жыныстық тұтастығына қарсы қылмыстардың алдын алу», «Балада агрессияның көрінісі» тақырыптарда баяндама оқылды.

Педагогикалық кеңесте және әдістемелік бірлестікте «мұғалімдердің эмоционалды күйіп қалуы және оны қалай жеңуге болады», «профилактика суицида», «мектептегі дезадаптацияның себептері» тақырыптарда баяндама баяндалды.

2023-2024оқу жылы ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспары бойынша 5-7А және Б сынып ата-аналырымен «Ата-ана махаббатының жолы» тренингі өткізілді. Тренинг балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға және тиімді өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету мақсатын көздеді. Ата аналар жиналысында «Ата-аналық қатынастар. Балалармен қарым-қатынастың түрлері мен стильдері», «Жыныстық қол сұғылмаушылық», «Профилактика суицида» тақырыптарда баяндама оқылды.

Педагогикалық кеңесте және әдістемелік бірлестікте «мұғалімдердің эмоционалды күйіп қалуы және оны қалай жеңуге болады», «сынып жетекшілерге психолтың ұсыныстары»,

«1сынып оқушыларының мектепке және 5сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі», «5-ші сынып жетекшілеріне ұсыныстар»тақырыптарда баяндама баяндалды.

«Кәсіби өсу мектебі» жобасы аясында мұғалімдермен 5 тренинг және ата-аналармен 5тренинг өткізілді.

2024-2025оқу жылы ата-аналар жиналысында «Ата-анамен педагог-психологтың қызметтік түсініктері», «буллинг – балалардың қауіпсіздігі мен психологиялық саулығын қалай қамтамсыз етеміз?», «Жасөспірімдердің міне-құлқындағы суицидті алдын алу», «Бала қауіпсіздігі – қоғам келешегі» тақырыптарда баяндама баяндалды. Бастауыш сынып ата-аналарына топта достық атмосфераны орнатуға ықпал ету, ата аналармен диалог құруөз балалары туралы жағымды пікір тудыру мақсатымен «Отбасы мен үшін..» тренинг өткізілді. «Жазғы демалыс кезінде психологиялық денсаулық» бойынша жадынамалар таратылды.

Мұғалімдермен педагогтардың психологиялық денсаулығын алдын алу, өзін-өзі реттеу әдістерімен таныстыру мақсатымен «Эмоцияны басқарып үйренейік» тренингі өтті. Кәсіби деформацияның және эмоционалды күйіп қалудың алдын алу мақсатымен мұғалімдермен «Эмоционалды күйзелудің алдын алу» атты тренинг өткізілді. Педагогикалық кеңесте және әдістемелік бірлестікте «Оқушының мотивациясын арттыру әдістері», «1сынып оқушыларының мектепке және 5сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі», «оқушылармен жұмыс істеу бойынша сынып жетекшілеріне арналған ұсыныстар» баяндама баяндалды.



7) Кеңес беру жұмысы

Жеке консультация жұмысы – білім беру процесінің ажырамас бір бөлігі ретінде оқушылардың, ата-аналардың және мұғалімдердің сұраныстары бойынша жүйелі түрде жүргізіледі. Бұл жұмыс оқушының жеке ерекшеліктерін, оның эмоционалдық жағдайын, оқу жетістіктері мен қиындықтарын анықтап, жан-жақты қолдау көрсетуге бағытталған.

Консультациялар алдын ала жасалған диагностика нәтижелерінің қорытындысына сүйене отырып өткізіледі. Әсіресе, сынып жетекшілерге оқушының даму ерекшеліктеріне сәйкес бағыт-бағдар беру маңызды рөл атқарады. Әрбір кеңес беру – педагог пен ата-ана арасындағы байланысты нығайтуға, оқушының жеке әлеуетін ашуға ықпал етеді.

Жыл сайынғы кеңес беру жұмыстарының саны төмендегідей:

Оқу жылы	Жалпы консультациялардың саны	оқушылар	мұғалімдер	ата-аналар
2022-2023 оқу жылы	23	13	10	0
2023-2024 оқу жылы	28	10	16	2
2024-2025 оқу жылы	33	5	26	2



Көрсеткіштерден байқағанымыздай, мұғалімдермен өткізілген консультациялар саны жылдан-жылға артып келеді. Бұл – педагогтардың психологиялық қолдауға деген сұранысының артқанын, сондай-ақ білім беру сапасын арттыруға деген талпынысының белгісі. Ата-аналармен жұмыс та біртіндеп жанданып келеді, бұл оқушының тәрбиесіне отбасылық қатысудың арта бастағанын көрсетеді.

Оқушыларға арналған жеке кеңестер – олардың мектептегі бейімделу процесін жеңілдетуге, ішкі жан дүниесін түсінуге, оқу мотивациясын арттыруға бағытталады. Ал мұғалімдермен жүргізілген кездесулер кәсіби қарым-қатынасты нығайтып, әрбір оқушыға жеке көзқараспен қарауға жол ашады. Ата-аналармен байланыс – отбасылық құндылықтарды сақтау мен үйлесімді дамудың негізін қалайды.



8)Тренингтер мен іс шаралар

2022-2023оқу жылы 2-4 сынып оқушыларымен оқу мотивациямен танымдық процесстерді зерттеу – олардың оқу белсенділігін арттыру және тиімді оқыту әдістерін анықтау мақсатында жүргізілді. Лукановтың «Мектептегі мотивациясын анықтау» әдістемесі, Түзету сынағы (зейін), «Артығын тап» әдістемесі (ойлау), «10 сөзді есінде сақта» (есте сақтау) әдістемелері диагностикалары өткізілді. Барлығы 20оқушы қатысты. Шыққан нәтижелер бойынша сынып жетекшілерімен жеке кеңес өткізіп ұсыныстар берілді.

Суицидті алдын алу мақсатымен 5-7А және 5-7Б сыныпта «Толеранттық. Бейбітшілікке жол», 8-9сыныптарда «Стресс.Стрессті шешу әдістері» сынып сағаттары өткізілді.

Жыныстық қатынас тақырыбында 9-11сынып сауалнама жүргізілді. Барлығы 13оқушы қатысты. Қорытынды.Нәтижесі жақсы: 100% жыныстық қатынасқа түсіп көрмеген, әрі мектеп жасына әлі ерте деп есептейді.

Жаман әдеттер тақырыбында 5-8сыныптар аралығында және 9-11сыныптармен жастарына сай сауалнама өткізілді. Барлығы 35 оқушы, 34оқушы қатысты. Қорытынды. Нәтижесі жақсы, себебі оқушылардың көбінде жаман әдеттерге деген көзқарасы теріс қалыптасқан.

«Буллинг» бойынша сауалнама 5-11сыныптар аралығында жүргізілді.Барлығы 35 оқушы, 24оқушы қатысты. Қорытындысы. 98% – мектепте буллингке шалдыққан жоқ деп жауап берді, оқушылар буллинг туралы жалпы түсініктері бар, бұл мәселе пайда болғанмен ата-аналар мен мұғалімдердің арқасында шешілетініне сенімді.

5А және 5-6сынып оқушыларымен топ құру және тиімді топтық өзара әрекеттесу үші қалыптастыру мақсатымен «Даладағы жалғыз жуангер емес» атты тренинг өткізілді.

5-7А және Бсынып оқушыларымен «Жүрек жылуы» тренингі жүргізілді.

2023-2024оқу жылы «Буллинг» бойынша сауалнама 5-11сыныптар аралығында жүргізілді. Барлығы 35 оқушы, 34оқушы қатысты. Қорытындысы. Нәтижесі жақсы. Оқушылар буллинг туралы ақпаратты біледі. 80% – буллингті жеңуге, өздері қалай сақтануға, көмек бере алатынына сенеді. 90% буллингтің құрбаны, әрі агрессоры болған жоқ.

«Салауатты өмір салты» бойынша сауалнам 5-7сыныптарда жүргізілді. Барлығы 22оқушы қатысты. Қорытынды: Балалардың көбі 85% зиянды әдеттерді қолданбаған және ақпаратты білмейді. 15% балалар есірткілердің бірнеше атауын біледі және шылым шегіп көргендер бар.

«Салауатты өмір салты» бойынша сауалнам 8-11сыныптарда жүргізілді. Барлығы 13оқушы,12 оқушы қатысты. Қорытынды. Оқушылар зиянды әдеттер туралы ақпаратты біледі. Зиянды әдеттерге деген көзқарасы – теріс.

«Кәсіби өсу мектебі» жобасы бойынша мұғалімдермен 5 тренинг, ата-аналармен 5тренинг, оқушылармен 5 тренинг өткізілді. Барлығы 15тренинг.

Республикалық «Досболайық» акциясына орай 5-7А және 5-6Б сынып оқушыларымен балалардың достық туралы білімдерін қалыптастыру мақсатында «Достық» атты тренингі жүргізілді.

7-9Бсыныпта оқушылардың құқықтары, зорлық-зомбылық және оның түрлері туралы білімдерін бекіту және тереңдету мақсатымен «Құрдастарымен қарым-қатынаста зорлық-зомбылық пен қатыгездікке жол бермеу» атты тренинг өткізілді.

2024-2025оқу жылы

Әлеуметтік педагог пен психолог «Буллинг» бойынша сауалнаманы 5-11сынып оқушыларымен өткізді. Барлығы 34оқушы, қатысты – 32оқушы. Қорытынды. 91% оқушылар буллинг туралы ақпаратпен таныс. Қалған 9% білмейді, себебі 5сыныпта оқиды. Қорлық көрсетуінің 25% ғана болды, 88% қорлауға ұшыраған жоқ және қатысқан жоқ. Буллингті алдын алуға немесе жоюға болатынына үлкендер көмектесе алатынына сенеді.

Әлеуметтік педагог пен психолог 7-11сынып оқушыларымен «Закладкалар және олардың белгілері» тақырыбында фильм көріп әңгіме жүргізді.Барлығы 22 оқушы қатысты. Есірткі заттарын салу-ауыр зардаптары бар қылмыстық әрекет екен балалар түсінді.

5-6А, 5-6, 7-8А, 7-8Б сыныптарда «Буллингті алдын алу» тренингі өткізілді. 9А және 9Б, 11а сыныптармен «Тұлғаның өзіне деген сенімділігін арттыру» оқушылардың экзамен алдындағы сенімділігін арттыру мақсатымен өткізілді.

3- 4А және 3-4Б сынып оқушыларымен Лосев А.А.«Дарынды және қабілетті балаларды анықтау» әдістемесі өтті. Оқушылардың интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін талдау негізінде дарындылық деңгейі мен бағытын анықтау көзделді. Сынып жетекшілерімен жеке кеңес өткізіп, дарындылықты дамыту жолдары бойынша бағыт бағдар берілді.



9) Сынып сағаттар

2023-2024 оқу жылынан бастап әр тоқсанда бір рет бір сыныппен сынып сағаттары жүргізіле басталды. Бұл жаңашылдық сынып сағаттарын пайдаланып іс шараларды өткізуге мүмкіндік туды, әрі әр сыныппен тығыз байланыста болу.

Бастауыш сыныптарда (1–4 сыныптар) оқушылардың мектепке бейімделуіне, достық қарым-қатынас орнатуына, эмоцияларын дұрыс танып-білуіне бағытталған сабақтар ұйымдастырылды: 1А және 1Б сыныптарда: «1-сыныпқа бейімделу», «Мен оқушымын», «Тату болайық»; 2–4А және 2–4Б сыныптарда: «Салауатты өмір салты», «Менің эмоцияларым» тақырыптарында мазмұнды және қызықты сынып сағаттары өткізілді.

Орта буын оқушыларымен (5–8 сыныптар) өтпелі кезеңнің психологиялық ерекшеліктері ескеріліп, жасөспірімдердің тұлғалық дамуына қолдау көрсететін тақырыптар қамтылды.

5–6А және 5–6Б сыныптарда: «Қыздар мен ұлдар — екі түрлі әлем», «Эмоционалды интеллект», «Толеранттық – татулықтың жолы»; 6–8А, 7–8А, 7–8Б сыныптарда: қарым-қатынас мәдениеті, өз-өзін тану, жауапкершілік және табысқа жету жолдары туралы тақырыптар көтерілді. Жоғары сынып оқушыларымен (9–11 сыныптар) өмірлік маңызы зор, жаһандық деңгейде өзекті болып отырған тақырыптар қозғалды. Оқушылармен бірге: «Интернетке тәуелділік», «Менің құндылықтарым», «Мен және интернет», «Стрессіз емтихандар», «Адам бойындағы асыл қасиеттер» сынды маңызды мәселелерді талдап, пікір алмасулар жүргізілді;

Ал 9А және 9Б сыныптарында арнайы өткізілген «Тестке дайындық. Жетістік психологиясы» тақырыбындағы сынып сағаты емтихан алдындағы қобалжу мен қорқыныш сезімдерін жеңуге бағытталып, оқушыларға психологиялық қолдау көрсетуге арналды.

2024-2025 оқу жылы сынып сағаттар ұсынылған тақырыптар бойынша өткізілді.

Бастауыш сыныптарда 1Б сыныпта «Мен оқушымын», «Бірінші дәрежелі саяхат», «Жеті гномның шытырман оқиғалары», 2-4Б, 2-4А сыныпта «Достық», «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен», «Мамандықтар мен еңбекқорлық туралы», «Денсаулық әліппесі» сынып сағаттары жүргізілді.

5-11 сыныптарда буллингті, суицидті, жыныстық қолсұғылмаушылықты, интернет қауіпсіздігін сақтауға алдын алу мақсатымен 5-6А және 5-6Б сыныпта «Орта буынға бейімделуі», «Менің денемнің шекаралары», «Мен стрессті басқарамын» тақырыбы, сыныпта 7-8А және 7-8Б сыныпта «Мен табысқа қалай жетемін», «Мейірімділік шекарасы», 9А, 9Б, 10А, 11А сыныптарда «Мейірімділік», «Мен және интернет», «Стрессіз емтихандар», «Адам бойындағы асыл қасиеттер» сынып сағаттары өткізілді. 9А және 9Б «Тестке дайындық. Жетістік психологиясы» сынып сағаты тест алдындағы қорқыныш пен стрессті жеңуге бағытталған.



10) Психология апталығы.

Жыл сайын мектепте психология апталығы өткізіледі.

Психология апталығы 2022-2023 оқу жылы 20-24 ақпан аралығында мектеп бойынша өткізілді. Әр күннің өз номинациясы бар: Алғыс және тілектер күні, бантиктер күні, денсаулық күні, гүлдер күні, эмоциялар мен сезімдер күні. Дүйсенбіде "Алғыс айту және тілектер күні" мектептегі салтанатты жиында "психология апталығының" ашылуы өтті және апта бойы 1-11 сынып оқушылары мен мұғалімдерге "психологиялық қоршау", апталықтың жоспары бар бұрыш ілінді. Дәлізде "психологиялық шарбақ" ілінді онда барлық тілек білдірушілер оған тілектер немесе жай ғана алғыс сөздер жазды. Сейсенбі күні бантиктер күні "оқушылар мен мұғалімдер күні бойы бантиктер тағып жүрді. Үзіліс кезінде 5-11 сынып оқушыларына "Буллинг" тақырыбы бойынша бейнеролик көрсетілді, әңгімелесті және брошюралар таратылды. Бастауыш сыныптар арасында аға тәлімгері көңіл-күйді көтеру және командада жұмыс істеу үшін көңілді ойындар өткізді. Сәрсенбіде "Денсаулық күні" үлкен үзілісте оқушылар мен мұғалімдер арасында жаттығулар өткізілді. Оқушылар мен мұғалімдерге "психикалық денсаулықты қалай сақтау керек" атты жадынамалар таратылды. Бейсенбіде "гүлдер күні" гүлдермен жүрді. Бастауыш сыныптармен үлкен үзілісте кәсіптік бағдар беруші мұғалім "кәсіп түрлері" тақырыбында кроссворд өткізді, педагог-психолог "гүл түрлері" тақырыбында 5-11 сыныптарда кроссворд өткізді. Жұма күні "эмоциялар мен сезімдер күні". Эмоциялар мен сезімдер туралы ақпарат қабырғаға ілінді. Бастауыш сынып оқушылары эмоциялар мен сезімдерді бейнелеп, "іздер" ойынын ойнады. Жоғары сынып оқушыларымен "эмоциялар мен сезімдер" тақырыбында конкурс өткізді. Барлық оқушылар мен мұғалімдер апталыққа белсенді қатысып, сайыстарға қатысқан сыйлықтар мен мадақтамамен марапатталды.

Ссылки: <https://www.instagram.com/reel/C0O4iQeMA8r/?igsh=NmRhajlZYm1jM3h4>
<https://www.instagram.com/p/C1D15zeI2H6/?igsh=MW4zejlzMDBtNnZ6Zw==>
<https://www.instagram.com/reel/C0tr9UpM4mq/?igsh=MXBjNzcxaHd2OHN2OA==>

2023-2024 оқу жылы «Біз бірге бақыттымыз» атты психология апталығы 27 қарашадан бастап 1 желтоқсан аралығында өтті. Апта бойы әр күні үлкен қоңырауда іс шаралар мен ойындар оқушылар үшін өткізіліп тұрды. Ойындар мен іс шараларды психологтың көмекшілері (белгіленген оқушылар), аға тәлімгері, әлеуметтік педагог ұйымдастырып өткізді. Психологтың көмекшілері болып 5-11 сынып оқушыларынан белгіленді. Психология апталығы – кемпірқосақ сияқты түрлі түсті белгіленді: дүйсенбі – ақ түсті, сейсенбі – көк түсті, сәрсенбі – сары түсті, бейсенбі күні- қызыл түсті, жұма күні – жасыл түске белгіленді. Әр сынып күннің түсіне сәйкес келетін кез келген аксессуарды киіп қатысты. Дүйсенбі күні оқушылар мен педагогтарға көңіл күй көтеру үшін көбелектер таратылды, көбелектің артында тілектер жазылған болды. Дүйсенбі күні салтанатты жиында «Біз бірге бақыттымыз» атты психология апталығының ашылуы болды. Оқушыларға викторина өткізілді және де психология апталығының жоспарымен таныстырылды. Сейсенбі күні екі ауысымда психологтың көмекшілері ребус пен суреттер презентациясын өткізді. Аға тәлімгері Ноярбеков Н.К. психология апталығы стендінде тілектер тақтасын дайындады. Сәрсенбі күні әлеуметтік педагог Власова Н.В. оқушыларға «Импульс» ойынын, психологтың көмекшілері 5-11 сынып оқушыларымен «Бұзылған телефон» және «Сосиска, кетчуп, кока кола» ойынын, аға тәлімгері Ноярбеков Н.К. 5-11 сынып оқушыларымен «Ұстағыш» ойынын, бастауыш сынып оқушыларына «классика», «іздер» ойыны ұйымдастырылды. 1 сынып оқушылары «Біз бірге бақыттымыз» атты членджді ашып қалған сыныптар жалғастырды. «Кәсіби өсу мектебі» жобасы ұсынған психология апталығының жоспарына енгізіп қолданылды. Педагогтармен, оқушылармен, ата аналармен бір бір тренингтен өткізілді: 9А және 9Б сынып оқушыларымен «қарым-қатынас жасауға үйрету» тренингі, 5-7 сынып ата аналарымен «Менің отбасым» тренингі, педагогтармен «Мұғалімдердің эмоционалды күйзелісі» тренингі. 5-8А жән Б сынып оқушыларына сыныптан тыс іс шара «Психологиялық кросс» жарысы өткізді. Оқушылар топтарға бөлініп әр станцияның тапсырмаларын орындап барынша көбірек жетон жинап, көп жинаған команда жеңімпаз атанды. Педагогтар мен оқушыларға психология апталығы ұнады, өздерінің оң пікірлерін білдіруде. Өткізілген іс шаралар инстаграмм желісіне жүктелді. «Біз бірге бақыттымыз» атты мектепшілік психология апталығында белсенді қатысқан сыныптар мен «Психологиялық кросс» атты сыныптан тыс іс шараға, члендждге қатысқан жеңімпаздар марапатталды.

Ссылки: <https://www.instagram.com/p/C1D15zeI2H6/?igsh=MW4zejlzMDBtNnZ6Zw==>
<https://www.instagram.com/reel/C0YzogFs9Gy/?igsh=MTh1NzJjOWR6NHJyaw==>
<https://www.instagram.com/reel/C0O4iQeMA8r/?igsh=NmRhajlZYm1jM3h4>

2024-2025 оқу жылы «Психология – ғажайып ғылым» атты психология апталығы 2-6 желтоқсан аралығында өтті. Апта бойы әр күні үлкен қоңырауда іс шаралар мен ойындар оқушылар үшін өткізіліп тұрды. Ойындар мен іс шараларды педагог-психолог, психологтың көмекшілері «Импульс» клубының мүшелері, аға тәлімгері, әлеуметтік педагог, дене шынықтыру мұғалімдері ұйымдастырып өткізді. Дүйсенбі күні салтанатты жиында «Психология - ғажайып ғылым» атты психология апталығының ашылуы ұйымдастырылды. Психология апталығының алғашқы күні «Мейірімділік күні» үзілісте оқушылармен және педагогтармен қызықты тапсырмалар орындап, тәтті сыйлықтарға ие болды. Балалар мен педагогтар белсене қатысып, көңіл күйлері көтеріңкі болды. Екінші күні «Түрлі түсті көңіл-күй күні» аға тәлімгері Кабенке А «Түрлі-түсті көңіл-күй» алаңын, «Импульс» клубының мүшелері 11 сынып оқушысы Тюлюбаев Ж, 6 сынып оқушысы Колпакова Д мен Зейнелькабиденнова А. үлкен үзілісте флешмобты педагогтармен және оқушылармен өткізді.

Бастауыш сынып оқушыларының ата-аналарымен «Менің отбасым» тренингі өткізді. Үшінші күні «Спорт – денсаулық кепілі» үлкен үзілісте 7-11 сынып оқушыларымен "Шеңберде секіру" ойыны және екінші ауысымда дене шынықтыру мұғалімдері Шешхан А пен Максұтұлы Б ойындар өткізді. Оқушылар ойынға қызығушылық танытып белсенді қатысты. Әлеуметтік педагог Власова Н.В. «Хат алмасу» жәшігін ұйымдастырды. Педагогтармен "Эмоционалды күйзелудің алдын алу" тренингі өткізілді. Төртінші күні «Эмоция күні» 2-6 сынып оқушылары арасында «психологиялық квест» ұйымдастырды. Нәтижесінде баллмен есептеліп, жеңімпаздар орындармен марапатталды. 7-11 сынып оқушылары арасында әлеуметтік педагог Власова Н.В. «Психология және эмоциялар» викторинасын ұйымдастырды. Балалар викторинаға қатысып, тәтті сыйлықтарға ие болды. Жоғары сынып оқушыларымен "Біз көппіз" тренингі өткізілді. Бесінші күні «Достық күні» "Игі істердің — достық алақандары" акциясы, «Пікірлер мен ұсыныстар» тақтасы, «Психология әлемі» оқушылардың көзқарасы акциясы ұйымдастырылды. Салтанатты жиында белсенді қатысқан оқушылар мадақтамамен және шағын сыйлықтармен марапатталды.

Ссылки: <https://www.instagram.com/reel/DDKYx6fMMP8/?igsh=MXBjOWl4b2ZnZmJlYw==>
<https://www.instagram.com/reel/DDPzJRsspRa/?igsh=MXy1Nzc4cWpobDI5ag==>
<https://www.instagram.com/reel/DDPzO0-MFZQ/?igsh=MmU5OGQwazFhbmxp>
<https://www.instagram.com/reel/DDH8AkOMYsR/?igsh=dWF4bGwzZTh5MHly>

11) «Отбасы құндылықтар» клубы және «Импульс» психология клубы

2022-2023 оқу жылы «Отбасы құндылықтар» клубы өз жұмысын жалғастыруда. Қыркүйек айында отбасы құндылықтар клубының мүшелері жиналып отбасының қарым қатынасын жақсарту мақсатымен оқу жылына жоспар құрылды. Жоспарға сай клуб мүшесі Ноярбеков Н.К. 5-7 сынып арасында «Мен көмекшімін» бейнеролик сайысын 17-20 қазанда ұйымдастырды. Комиссия мүшелері 21 қазанда қорытынды шығарып жеңімпаздар мадақтамамен марапаттады. Қараша айында 1-4 сынып ата-аналарымен қолдан әр түрлі аппликация жасап, өздерінің балаларына сыйлау іс-шарасы ұйымдастырылды. «Отбасы-бақыт мекенім» атты суреттер байқауы желтоқсан айында мектебіміздің 8-11 сынып оқушылар арасында өткізілді. Суреттер байқауында 8 сынып оқушысы Жакупова Томирис, 10 сынып оқушылары Сайланов Ж, Сайланова А, Тюлюбаев Б және 11 сынып оқушылары Нұрғазов Д, Булаев Е мен Кенжегулов Алдиярдың бірлесіп салған суреттері үздік деп бағаланды. Қаңтар айында «Отбасы құндылықтар клубының мүшесі Сапарбек Н. бастауыш сыныптар аралығында «Бала тілі бал» атты 2-3 минуттық менің отбасым туралы бейнеролик сайысын өткізді. Сайысқа қатысушылар арнайы номинацияларға ие болып мадақтамамен марапатталды. Наурыз айында НАУРЫЗ мерекесіне орай клуб мүшесі Шерипхан А. 5-11 сынып аралығында «Ұлттық тағамдар» атты сайысын ұйымдастырды. Отбасында кез келген ұлттық тағамды тандап, дайындау процесін 2-3 минуттық бейнеролик аудиозапись арқылы түсіру отбасының кез келген мүшесі қатыса алады. Барлығы 6 оқушы отбасымен қатысып, марапатталады. Барлық бейнероликтер инстаграмм желісіне жарияланды. Мамыр айында «Балаларды қорғау күніне» орай клуб мүшесі Ахметов А.К. бастауыш сыныптар аралығында «Балалар мен ата ана бақытты» отбасылық-спорттық сайысы өткізді. Отбасылық жарыс ұйымдастырылды: спорттық метрге секіру, скакалқамен секіру, қашықтыққа жүгіру жарыстары болды. Барлығы ана және ұлы атты бес жұп қатысты. Қатысқан отбасылар номинацияларымен марапатталды. Осы жылы «Отбасы құндылықтар» клубы біраз жыл жұмыс істеп жабылды.

2023-2024 оқу жылында мектепте «Импульс» психология клубы ашылып, жұмысын атқара бастады. Психологиялық клубтың мақсаты балалардың психологиялық денсаулығын сақтау үшін жастардың негізгі мәселелерін шешу танымдық және жеке салалар мен коммуникативті дамуы. Психологиялық клубтың іс шаралар тізімі: сыныптан тыс іс шара «Психологиялық кросс» 5-8 сынып оқушылары, 5-7А және 5-6Б сынып оқушыларымен «Достық» тренингі, 9А және 9Б сынып оқушылармен «Қарым қатынас құруды үйренеміз» тренингі, «Жеке тұлғалық қасиеттер» баяндама, «Өзін өзі бағалау» сабағы, «Стресске төзімділік» сабағы, «Сезім мен эмоция» сабағы өткізілді. Мектептегі салтанатты жиында жоспарға сай психология клубына оқушыларды қабылдау рәсімі өткізілді. Барлығы 10 оқушы психология клубының мүшесі болып лауазымға ие болды. Қабылданған оқушылар ант берді. Психология клубының мүшелерімен бірігіп оқу жылына жоспары құрды. Психология апталығы барысында 5-8А және 5-8Б сынып оқушыларына сыныптан тыс іс шара «Психологиялық кросс» жарысы өткізді. Оқушылар түгел қатысты, 4 топқа 5 қатысушыдан араластырылып бөлінді. Барыс, арыстан, святыя, арлан командаларын атап девиздерін қорғады. Әр команда қорғаған үшін бір бір жетонға ие болды. Барлығы бес станция болды: ойлау, миды зарядкалау, есте сақтау, эмоция және елестету. Оқушылар әр станцияның тапсырмаларын орындап барынша көбірек жетон жинауға тырысты. Көп жинаған команда жеңімпаз атанды. Оқушыларға психологиялық кросс ұнады, барлығы белсенді қатысты.

2024-2025 оқу жылында мектепте «Импульс» психология клубы жұмысын атқарды. Жоспарға сай айына бір рет іс-шара ұйымдастырылды. Қазан айында 7-8А сынып оқушыларымен «Кірпіні қалай айналдыруға болады?» тренингі, 4 қарашада 7-8А сынып оқушыларымен «Сезімдер мен эмоциялар» атты сабақ, 20 қарашада 5-10 сынып оқушылары арасында «Тұлғалық қасиеттер» баяндама бойынша ақпарат баяндалды, желтоқсан айында 7-8А және 7-8Б мен 10Б сынып оқушыларымен «Біз біргеміз» тренингі, «Психология – ғажайып ғылым» психология апталығында 2-6 сыныптарға арналған "Жол іздеушілер" психологиялық квесті 5 желтоқсанда өткізілді, қаңтар айында 7-8-9А және 7-8-9Б сынып оқушыларымен «Өзін өзі бағалауды арттыру» тренингі, 4 наурызда 7-8Б сынып оқушыларына арналған «Тиімді қарым-қатынас дағдыларын дамыту дамыту» тақырыбында тренингі, 1 сәуірде 5-6А және 5-6Б сынып оқушылармен «Мен стрессті басқарамын» атты сынып сағаты өткізілді.



«Буланды ауылының ЖОББМ» КММ 2022-2023, 2023-2024, 2024 -2025 оқу жылындағы әлеуметтік педагогтың атқарған жұмысының есебі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №382 бұйрығы негізінде 2022-2023 оқу жылына арналған жарты жылдық әлеуметтік педагог жоспары құрылды.

Келесі міндеттер қойылды:

балалардың құқықтарын қорғау үшін әртүрлі әлеуметтік қызмет өкілдерімен жұмыс жүргізу;
оқу барысында қиындыққа ұшыраған оқушыларға әлеуметтік- педагогикалық көмек беруді қамтамасыз ету;
тәрбиеленушілердің өмір сүру жағдайын, отбасының, микроортасының психологиялық, медициналық, педагогикалық ерекшеліктерін зерделеу;
оқушымен мекеменің, отбасының, әлеуметтік ортаның, мектептің арасындағы келістіруші міндетін атқарады;
аз қамтылған отбасы балаларының үйірмелермен қамтамасыз ету, олардың бос уақытын тиімді пайдалануын қадағалау;
ерекше білімді қажет ететін оқушылармен және үйде оқытылатын оқушылардың құқықтарын қорғайды және олардың қоғамдық ортаға бейімделуіне жағдай жасайды;
тұл жетім, қамқорлықтағы және қорғаншылықтағы балалармен жұмыс жүргізеді
мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылардың есебін үнемі жүргізіп отыру;
мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, күн көріс деңгейі төмен отбасыдан шыққан балалармен, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен, тұрмыс деңгейі төмен аз қамтылған отбасы балаларының уақытылы әлеуметтік көмек алуын, ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін және жазғы лагерьлермен қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізеді.

Жыл басында сыныптық әлеуметтік паспорт жүргізіліп, мектептің әлеуметтік паспорты құрастырылды.

Оқушылардың ата-аналарының білім деңгейіне талдау жасалып, әлеуметтік қорғауды қажет ететін оқушылардың мәліметтер базасы құрылды, көп балалы, аз қамтылған отбасылар, үйдегі оқитын балалардың тізімдері жасалды.

Жыл басында сыныптық әлеуметтік паспорт жүргізіліп, мектептің әлеуметтік паспорты құрастырылды.

«Бұланды ауылының ЖОББМ» КММ 2024-2025 оқу жылының әлеуметтік паспорты.

№	Әлеуметтік санаттар/ Социальные категории	Саны/Количество	%
	Барлық оқушылар/ Всего учащихся 1-11 классов	57	100
	Отбасы түрі бойынша/По типу семьи		
	Барлық отбасылар/Всего семей	39	100
1	Толық отбасылар/Полные семьи	29	89
	олардың ішінде балалар/из них детей	46	81
2	Толық емес отбасылар/ Не полные семьи	10	19,2
	олардың ішінде балалар/из них детей	11	18,9
3	Анасы жоқ балалар/Нет матери	0	0
4	Әкесі жоқ балалар/Нет отца	2	3,8
5	Көп балалы отбасы/ Многодетные семьи	11	29,7

	олардың ішінде балалар/из них детей	23	40,3
6	Аз қамтамасыз етілген отбасы/ Малообеспеченные семьи	9	24,3
	олардың ішінде балалар/из них детей	22	38,5
7	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар/ Сироты, дети оставшиеся без попечения родителей	1	1,9
8	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар/ Дети с инвалидностью	1	1,9
9	Азаматтығы жоқ білім алушылар/ Дети с особыми образовательными потребностями	7	11,1
10	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар/Обучающиеся, являющиеся гражданами другого государства	0	0
11	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар/Стоит на учете в отделе по делам несовершеннолетних	0	0
12	Мектепішілік бақылау есебінде тұрғандар/ Стоит на учете внутришкольного контроля	0	0
Ата-аналарының білімі/ Образование родителей или других законных представителей учащегося			
	Барлық ата-аналар/Всего родителей	65	100
13	Жоғары, жоғары білімнен кейінгі/ Высшее, послевузовское	15	23,8
14	Техникалық және кәсіптік/ Техническое и профессиональное	16	21
15	Орта/Среднее	34	50,8

I. әлеуметтік төлқұжаттау және диагностика:

1. Оқушылар тізімін өзектендіру: үш жыл бойы әлеуметтік осал санаттарға жататын оқушылар тізімін (көп балалы, аз қамтылған, жетім балалар, мүгедек балалар, ОР бар балалар) жинау, тексеру және жаңарту бойынша жұмыс жүргізілді.

2. Оқушылардың жалпы саны:

1	2022-2023 оқу жылы	60 оқушы
2	2023-2024 оқу жылы	57 оқушы
3	2024-2025 оқу жылы	53 оқушы

1. Көпбалалы отбасылар:

1	2022-2023 оқу жылы	11 отбасы
2	2023-2024 оқу жылы	11 отбасы
3	2024-2025 оқу жылы	11 отбасы

2. Аз қамтылған отбасылар:

1	2022-2023 оқу жылы	11 отбасы
2	2023-2024 оқу жылы	11 отбасы
3	2024-2025 оқу жылы	9 отбасы

Аз қамтылған отбасылардың саны 2024-2025 оқу жылының соңына қарай өсті, бұл кейбір отбасылардың экономикалық жағдайының нашарлауын көрсетуі мүмкін және қосымша талдауды қажет етеді.

3. Ерекше білімді қажет ететін оқушылар:

1	2022-2023 оқу жылы	8 оқушы
2	2023-2024 оқу жылы	7 оқушы
3	2024-2025 оқу жылы	5 оқушы

4. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар және жетім балалар.

1	2022-2023 оқу жылы	3 оқушы
2	2023-2024 оқу жылы	1 оқушы
3	2024-2025 оқу жылы	1 оқушы

5. Мектепшілік есепте және кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссияның есебінде тұрған балалар.

1	2022-2023 оқу жылы	0 оқушы
2	2023-2024 оқу жылы	0 оқушы
3	2024-2025 оқу жылы	0 оқушы

II. Өмірлік қиын жағдайға тап болған балалармен (ТЖК) және ТЖКБ-мен жұмыс істеу: өмірлік қиын жағдайға тап болған және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен (ТЖК) жұмыс істеу: Бүкіл кезең бойы қорғаншылықтағы/қамқоршылықтағы балалардың, өмірлік қиын жағдайдағы балалардың тұру және тәрбиелеу жағдайларына ЖБУ тексеру актілері жасалды. Бұл балалардың өмір сүру жағдайларын бағалауға және қажеттіліктерді анықтауға мүмкіндік береді. Қамқоршылық бойынша жәрдемақы алу, балалардың құқықтарын бұзу және қамқоршылардан өз бетінше кету жағдайларының болмауы қамтамасыз етіледі. Киім, аяқ киім, мектеп керек-жарақтарын сатып алу үшін қолдауды қажет ететін аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушыларға Жалпыға бірдей білім беру қорынан материалдық қаржылық көмек көрсету маңызды бағыт болып табылады.

"Жалпыға бірдей оқыту" қорынан көрсетілген материалдық қаржылық көмек

1	2022-2023 оқу жылы	24 оқушы	973603 теңге
2	2023-2024 оқу жылы	25 оқушы	1 014 175 теңге
3	2024-2025 оқу жылы	16 оқушы	694 512 теңге

III. Балалық шақтың құқықтарын қорғау және жағымсыз құбылыстардың алдын алу: Үш жыл бойы оқушыларда салауатты өмір салты құндылықтарын қалыптастыруға, құқықтық сауаттылықты арттыруға, қараусыздықтың, құқық бұзушылықтардың, психоактивті заттарды (ББЗ) пайдаланудың, буллингтің және басқа да жағымсыз құбылыстардың алдын алуға бағытталған профилактикалық іс-шаралар кешені өткізілді. Жұмыстың әртүрлі формалары қолданылды: әңгімелер, дәрістер, тренингтер, сынып сағаттары, бейнефильмдер, құқық қорғау органдарының өкілдерімен және медицина қызметкерлерімен кездесулер, акциялар мен конкурстар. Құқық бұзушылықтардың алдын алуға және СӨС насихаттауға арналған ақпараттық стендтердің болуы байқалады. Интернет желісінде киберқылмыс пен қорқытудың алдын алуға ерекше назар аудара отырып, осы бағытта жұмысты жалғастыру қажеттігі атап өтіледі. Құқық бұзушылық фактілерінің болмауы: оқушылар арасында құқық бұзушылық жағдайлары тіркелген жоқ.

IV. Ата-аналармен жұмыс: Ата-аналармен жұмыс әңгімелесу және кеңес беру, сондай-ақ ата-аналар жиналыстары мен жалпы мектептік іс-шараларға қатысу түрінде жүзеге асырылады. Балалар мен жасөспірімдердің жас ерекшеліктеріне, қатыгездіктің алдын алуға, салауатты өмір салтын қалыптастырудағы отбасының рөліне, құқық бұзушылықтардың алдын алуға, Интернет желісінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты мәселелер көтерілді.

V. Диагностикалық және аналитикалық қызмет. Мектеп оқушылары арасында әлеуметтік мәселелерді зерттеу бойынша диагностикалық-талдамалық іс-шаралар жүргізілді. Осылайша, жаңа 2025-2026 оқу жылына белгіленген міндеттер қатарында: Мектепте жүргізілетін әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың нәтижелілігін арттыру үшін "мектеп-ата-ана-оқушы" моделі негізінде жұмысты жандандыру; Бұл жұмысқа ата-аналар мен оқушыларды тарта отырып, Интернет желісінде

киберкылмыс пен буллингтің алдын алу бойынша жұмысты жандандыру. Оқушылардың салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруға, соның ішінде беттік белсенді заттарды қолданудың алдын алуға және спортқа оң көзқарасты қалыптастыруға көбірек көңіл бөлу. Туындаған проблемаларды уақтылы анықтау және оларға ден қою үшін мектептегі әлеуметтік жағдайды диагностикалау және мониторингілеу жүйесін жетілдіру.

"Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімінің Бұланды ауылының жалпы орта білім беретін мектебі" КММ нің білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну

01.09.2023 бастап 1-4 сынып оқушыларына тегін ыстық тамақ (термостық) ұйымдастырылды. Барлығы 20 оқушы тамақтанады.

Тегін термостық ыстық тамақ "Макинка ауылының ЖОББМ" КММ-мен жеткізіледі.

2023-2024 оқу жылының I жарты жылдығында тамақтанады.

I ауысымда	7 оқушы	1А, 1 б сынып
II ауысымда	13 оқушысы	2 - 4 б, 3 Б, 3-4 А сыныптардың

2023-2024 оқу жылының II жартыжылдығына

I ауысымда	6 оқушы	1А, 1 б сынып
II ауысымда	14 оқушысы	2 - 4 б, 3 Б, 3-4 А сыныптардың

Бейімделген асханадағы орындардың саны 14 орынды құрайды. Оқушыларды уақтылы және сапалы тамақтандыру мәселелерін шешу үшін мектепте оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру мен сапасын бақылау жөніндегі комиссия құрылды. Комиссия құрамына мектеп әкімшілігі, ата-аналар қауымы, педагогикалық ұжым, медицина қызметкері кіреді. Оқушыларды тамақтандыру белгіленген тамақтану кестесіне сәйкес жүзеге асырылады. Қорытынды: тексерулерді уақтылы және тұрақты жүргізу бұзушылықтардың алдын алуға мүмкіндік береді.

2024-2025 оқу жылының I жарты жылдығында тамақтанады. "Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімінің Бұланды ауылының жалпы орта білім беретін мектебі" КММ – де 1-4 сынып оқушылары үшін тегін ыстық тамақ (термостық) ұйымдастырылды. Барлығы 19 оқушы тамақтанады. Термостық ыстық тамақ "Макинка ауылының ЖОББМ" КММ-мен жеткізіледі.

I ауысымда	2 оқушы	1А, 1 б сынып
II ауысымда	17 оқушысы	2 - 3 Б, 4 б, 3-4 А сыныптардың

2024-2025 оқу жылының II жартыжылдығында "Бұланды ауылының ЖОББМ" КММ оқушылары жаңа мектеп ғимаратында оқуды бастады.

2025 жылдың қаңтар айынан бастап тегін ыстық тамақ берілді.

Бастауыш оқушылары	19 оқушы	1-4 сынып	100%
Жағдайы төмен отбасылардан шыққан оқушылар	11 оқушы	5-11 сынып	32,4 %
Жалпы оқушылар	30 оқушы	1-11 сынып	56.6%

Барлық оқушылар I ауысымда тамақтанады. Мектеп асханасындағы орындардың саны-34 орын. Оқушыларды уақтылы және сапалы тамақтандыру мәселелерін шешу үшін мектепте оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру мен сапасын бақылау жөніндегі комиссия құрылды. Комиссия құрамына мектеп әкімшілігі, ата-аналар қауымы, педагогикалық ұжым, медицина қызметкері кіреді. Оқушыларды тамақтандыру белгіленген тамақтану кестесіне сәйкес жүзеге асырылады. Қорытынды: тексерулерді уақтылы және тұрақты жүргізу, құқық бұзушылықтардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Шалғайдағы ауылдық пункттерде тұратын балаларға "Бұланды ауылының ЖОББМ" КММ-ге және үйіне тегін тасымалдауды ұсыну.

"Бұланды ауылының ЖОББМ" КММ-де білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін Қарағай ауылында тұратын оқушыларды тасымалдау жүйесі ұйымдастырылған. Тасымалдауды пайдаланған оқушылар саны:

1	2022-2023 оқу жылы	10 оқушы
2	2023-2024 оқу жылы	8 оқушы
3	2024-2025 оқу жылы	7 оқушы

Тасымалдауды ұйымдастыру: тасымалдау мектеп автобусымен тұрақты негізде жүзеге асырылды.

2024-2025 оқу жылы

Үйірме қызметі

№	Үйірменің аты	Сынып Класс	Оқушы саны	Сағат саны	Мұғалімнің аты- жөні	№ каб	Апта күндері				
							Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
1	Туризм	5-11 А сынып	10	1	Шешхан Аманбек		16 ⁰⁰				
2	«Ұлттық ойындар»	6-10 А сынып	10	1	Мақсұтұлы Береке				16 ⁰⁰		
3	«Әнші бұлбұлдар»	2,3,4 А сынып	7	1	Уалиева Аяжан Кутыбековна						15 ⁰⁰

Бұланды орта мектебінің Дене шынықтыру пәні мұғалімінін 2024-2025 оқу жылы бойынша туризм үйірмесінің есебі

Туризмнің үйірмесінің мақсаты:

Спорттық туризм сабағына жастармен және ұрпақты қызықтыру үшін туризм ең жаксы кұрал. Жаяу туризм бұл әдемілікке, тазалыкка және бастапкы күйдегі табигатка бой алдыруды калыптастыру. Мектептерде әр түрлі мақсаттағы оқу-дайындық жорықтар ең ынғайлы болып келеді: Сауықтыру; - Оқу; Спорттык:

Танымдық және т.б. Жорықтың бір ғана мақсатын нақты қалыптастыру қиын, бірақ та ол қалыптасып және әр қатысушыларға жеткізілуі керек.

Туризмнің үйірмесінің міндеті:

Жаяу туризм бұл жеке адами қасиеттердің өсу мүмкіншілігі.

Оқушылардың дене қасиеттерін дамытуға, сонымен қатар бақылау нормативтерін тапсыруға деген ынтасын арттыру

Салауатты өмір салтын мен адамгершілік негіздерін берік қалыптастырған азаматты тәрбиелеу Туристік жорықтар, оның ұйымдасу формасы, мақсатымен және міндеттері бойынша спорттық, туристік экспедиция және дайындыққа бөлінеді.

8-10 сыныптар арасында аптасына 2 рет туризм үйірмесі өтіледі. Менің бағытымдағы үйірме атай кетсем туризм үйірмесі аптаның Сәрсенбі жұма күндері сағат 15:00-16:00өткізілді. Анық ырақ атап өтсем балалар бұл туризм үйірмесі бойынша, алғашқы дәрігерлік көмек көрсету, сіріңкесіз от жағу, шатыр орналастыру, сазды балшықтан өту, бағыт-бағдар және өзеннен өту сыяқты сабақтарды өттік. Яғни сабақ уақытында осы сабақтар теория жүзінде өткізіледі Секция кешкі уақытта аптаның сәрсенбі және жұма күндері сағат 16:00-18:00 Туризм үйірмелері өтті. Қортындылай келгенде Осы үйірмелер бойынша жеткен жетістіктеріміз Туризм үйірмесі бойынша «ЭКОөмір» жас өлкетанушылар, экологтар және табиғат зертеушілерінің облыстық форумының «Жасыл ел» номинациясынан Олжабай Жансұлтан 2 орын алды. туризм секциясына белсене қатысып өздерін дамытуда Жыл бойына көптеген спорттық жарыстарға белсене қатысып, алдыңғы орындардан көріндік. Туризм секциясы бойынша оқушылар арқанда өрмелеу, арқан байлау тәсілдері мен оны қолданудың әдістері, сіріңкесіз от жағу шаралары және табиғат қауіпсіздігі наза мекен тақырыптарын өтіп практика жүзінде жүргізілініп отырды. Оқушылар палатканы құрып оныжинау сонымен коса компос арқылы бағдарлаудың әдіс тәсілдерін үйренді. Туризм секциясы оқушыларға өте қызықты өтті.

2025 оқу жылының соңында мектебіміздің оқушылары облыстық Зерделі Зеренді ЭКО сайысына қатысып, сертификаттарға ие болды. Туризм жетекшісі ретінде Шешхан Аманбек спикер ретінде қатысын облыстан алғыс хатпен марапатталдым.

Туризм үйірмесі: Алғашқы медициналық көмек көрсету.

Туризм үйірмесі сіріңкесіз от жағу тәсілі

Арқанмен жоғарыға көтерілу

«Ұлттық ойындар» үйірмесінің жұмысы туралы есеп. 2024–2025 оқу жылының екінші жартыжылдығы **Үйірме жетекшісі: Максұтұлы Б.**

Мақсаты:

Оқушыларға қазақтың ұлттық ойындарын үйрету, олардың тарихымен таныстыру, ұлттық салт-дәстүрге деген қызығушылығын ояту және дене қозғалысын арттыру арқылы салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Өткізілген жұмыстар:

- Аптасына 1 рет тұрақты түрде үйірме сабағы өткізілді.
- Балалар «Асық ату», «Тоғызқұмалақ», «Арқан тарту», «Көкпар», «Ақ сүйек», «Ханталапай» сияқты ойын түрлерімен танысып, ойнауды үйренді.
- Наурыз мейрамына орай ұлттық ойындардан жарыс ұйымдастырылды.
- Оқушылар ойын ережесін және ойынның мән-мағынасын меңгерді.

Қауіпсіздік ережелері:

Ойын кезінде келесі қауіпсіздік ережелерін сақтау міндетті:

1. Ойын алдында дене қыздыру жаттығулары жасалады.
2. Арқан тарту, көкпар сияқты күш қолданылатын ойындарда балалардың саны мен жас ерекшелігі ескеріледі.
3. Асық ату, ханталапай ойындарында алаң таза әрі кең болуы тиіс.
4. Кез келген ойын алдында оқушыларға ойын ережелері және қауіпсіздік шаралары түсіндіріледі.
5. Жарақат алған жағдайда жетекші дереу көмек көрсетіп, ата-аналарға хабар береді.
6. Жүгіру, секіру кезінде арақашықтықты сақтау ескертіледі.
7. Үйірме жетекшісі әр ойын кезінде балалардың тәртібі мен қауіпсіздігін бақылап отырады.

Қорытынды:

«Ұлттық ойындар» үйірмесі оқушылардың денсаулығын нығайтып, ұлттық сана-сезімін арттыруға үлкен үлес қосып отыр. Балалар белсенді, қызығушылықпен қатысады. Қауіпсіздік ережелері сақталып, ешқандай жазатайым оқиға орын алған жоқ. Үйірме жұмысы жоспарға сай жүргізілуде.

Мектебімізде «Қазақтың ұлттық ойындарының бірі – қазақша күрес» тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Сабақтың мақсаты – оқушыларға қазақ күресінің маңызын түсіндіру, ұлттық спортқа деген қызығушылығын арттыру және негізгі әдіс-тәсілдерін үйрету болды.

Сабақ барысында оқушылар қазақ күресінің тарихымен танысты. Қазақша күрес – ата-бабаларымыздан келе жатқан ұлттық төл спортымыз. Бұл күрестің өзіндік ережелері, киім үлгісі, әдіс-тәсілдері бар. Балалар қызығушылықпен тыңдап, белсенді қатысты.

Оқушылар практикалық бөлімде күрестің қарапайым қимылдарын жасап үйренді. Қолмен итеру, белден қағу, аяқпен шалу сияқты негізгі әдістер көрсетілді. Әр оқушы өз мүмкіндігіне қарай жаттығуларды орындап шықты. Сабақ барысында қауіпсіздік ережелері де қатаң сақталды.

Қазіргі таңда өңірімізде қазақ күресі қарқынды дамып келе жатыр. Жергілікті спорт мектептерінде арнайы үйірмелер жұмыс істейді. Сабақ соңында оқушылар ұлттық күреске деген құрметін білдіріп, болашақта осы спорт түрімен шұғылдануға ниет білдірді.

Жалпы, сабақ жоғары деңгейде өтті. Оқушылар ұлттық спорттың ерекшеліктерін танып, жаңа білім мен тәжірибе алды. Мұндай сабақтар балалардың рухани дамуына, отансүйгіштік қасиетін қалыптастыруға үлкен үлес қосады.

Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын қолдау аясында мектебімізде үлкен үзіліс кезінде оқушылармен ұлттық ойындарды насихаттау мақсатында танымдық-спорттық іс-шара өткізілді.

Іс-шара барысында оқушылар асық ату, арқан тарту, ләңгі тебу, қыз қуу, тоғызқұмалақ сынды ұлттық ойын түрлерімен танысып, өздері де белсенді түрде қатысып көрді. Балалар ерекше қызығушылық танытып, ұлттық ойындардың ережелерін үйреніп, достарымен жарысып көңілді уақыт өткізді.

Бұл шара оқушылардың бойында ұлттық рухты, салт-дәстүрге деген құрметті қалыптастырып, салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталды. Осындай ойындар арқылы оқушылар тек қимыл-қозғалыс жасап қана қоймай, тарихымыз бен мәдениетімізге терең бойлады.

Іс-шара жоғары деңгейде өтті. Балалардың белсенділігі мен қызығушылығы бізге осындай шараларды жиі өткізу қажеттігін көрсетті.

Наурыз мерекесіне орай 20 наурыз күні мектепте мектепішілік тоғызқұмалақ жарысы өтті. Оған мектебіміздің ең үздік оқушылары қатысты. Жарыс ұлдар мен қыздар арасында жеке өткізілді.

Бастауыш сыныптар апталығында дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Мақсұтұлы Береке «Асығың алшысынан түссін!» атты сыныптан тыс жұмыс өткізді.

Асық ату ойыны – ұлттық тәрбие көзі. Ұлтымыздың ұмытылып бара жатқан ойынын жаңғырту, асық ойнату арқылы оқушыларды дәлдікке, мергендікке, ептілікке жеңіске деген құштарлыққа, намысқойлыққа, әділдікке баулу мақсатында сайыс түрінде өткізілген іс-шараға оқушылар белсене қатысты.

Ата-бабаларымыз асық ойыны арқылы баланы жастайынан ой-қабілетін шыңдап, дәлдікке, ептілікке, ширақтылыққа, ұстамдылыққа, алғырлыққа, сыйлыстыққа тәрбиелеген. Асық ойындарының тәрбиелік мәні зор. Асық ойындары әрбір жас баланың намысын қайрап, жеңіске деген талпынысын арттырады. Асық ойынында үнемі отырып-тұру, жүрелей отыру, тізені жартылай бүгу, жиырылу, ширығу жас балалардың денесін шынықтырып, аяқ-қолдағы буын ауруларының алдын алады. Тартысты өткен ойын нәтижесінде Байқоңыр тобы І орын, Қыран тобы ІІ орын, Тұлпар тобы ІІІ орынды иеленіп, барлық оқушылар марапатталды.

«Әнші бұлбұлдар» үйірмесінің жылдық есебі. 2024-2025 оқу жылы.

Үйірме жетекшісі: А.К.Уалиева

Үйірме құрамы: 2-3-4 сынып оқушылары.

Үйірменің мақсаты:

Оқушылардың музыкаға деген қабілеттерін арттыру. Музыканы есту және баулу қабілетін теория және практика жүзінде іске асыру. Музыканы есту, айту, түсіну және қосылып шырмау қабілетін қалыптастыру. Өзін өзі ұстай білуге тәрбиелеу.

Міндеттері:

Сезіну, есту қабілетін дамыту.

Қимыл қозғалыс аппараттарының жүрек қан айналымын реттеп, жақсарту.

Дененің дұрыс бітімін қалыптастыру, дұрыс демалу, дер кезінде дұрыс қимылдарын жетілдіру.

Музыкалық шығармалардың буын ырғағын, екпінін, мазмұнын дұрыс түсінуге дайындау.

Теория және практика жүзінде қозғалысын дұрыс сезіне білу.

Сағат саны 34

Жыл бойы үйірмеге қатысушы оқушыларға әр түрлі әндер тыңдату, үйрету, айтқызу жаттау және қосылып айту жұмыстары жүргізілді. Әр айда айтулы күндерге орай әндер жаттап айтты, мерекелік іс-шараларға да қатысуға талпынды. Қыркүйек, қазан айларында: Үйірмеге оқушыларды тарту, ұйымдастыру шаралары.

Ұстаз ұлағатты есім (ұстаздар мерекесіне байланысты әндер) үйреніп мерекелік концертте 3-4 сынып оқушылары әндерін айтты.

Қарттарын қадірлеген ел ардақты

Қош келдің, алтын күз! ертеңгілігіне қатысты.

25 қазан Республика күніне байланысты әндер үйретілді.

Қараша, желтоқсан айларында: Тәуелсіздік туы, мәңгі желбіре!, Қош келдің, жана жыл!сынып сағатында 2 сынып оқушылары ән айтты. Мектепшілік Абай оқулары (әндеріне сайыс), 3 тоқсанда «Туған жер», «Ана», «Ай дидарлы анашым»әндерімен мектепте өткен мерекелік концертке Марат Дильназ «Ертегілер» әнін айтып, 3-4 сынып ұл балалары ана туралы әндерін айтты., «Наурыз айы» әндерімен Наурыз мерекесіне қатысты, 4 тоқсанда: «Жастар гимні» М.Исабаев, «Ұстазым менің», «Қош бол мектебім» әндері үйретілді. Оқушылардың айтқан әндері, бейнежазбалары инстаграмм, тик-ток желілеріне жүктелді.

http://sc0018birzhansal-aqmo.edu.kz/public/files/2025/7/2/020725_124113_krughki.pdf

Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып бейінді оқытуды іске асыру. (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі)

Бейіндік оқыту өзіндік білім беру траекториясын өз бетінше саналы түрде қалыптастыру негізінде әрбір білім алушы үшін кәсіби салада өзін-өзі анықтау жағдайларын қамтамасыз етуді көздейді.

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектебін мектептің жоғары сатысында дамытудың жаңа тұжырымдамасы білім алушыларды дараландыруға және әлеуметтендіруге бағытталған, оның ішінде еңбек нарығының қазіргі заманғы қажеттіліктерін ескере отырып, бейіндік оқытуды көздейді.

Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызмет үлгілеріне сәйкес (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 614 бұйрығымен) мектепте жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша 10-11 сыныптарда бейінді оқыту жүзеге асырылады. Жұмыстың негізгі мақсаты мектеп түлектерін кәсіптік бағдар беру жүйесі негізінде кәсіптік бағдар беру және бейіндік дайындық бойынша білім алушылармен кәсіби өзін-өзі анықтау. Жұмыс жоспар жоғарғы сыныптардың таңдау бағытына сай, мемлекеттік стандарт негізінде құрылды. Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқыту мақсатында 10-сынып оқушылары арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама негізінде жаратылыстану-математикалық бағыт таңдалды.

Бейіндік дайындық балалардың интеллектуалдық және тұлғалық даму міндеттерін шешуді қамтамасыз етеді, танымдық қызығушылықтарын қалыптастырады, балалардың денсаулығын сақтауға, шығармашылықты дамытуға ықпал етеді. 11-сыныптарға бітірушілердің жоғарғы оқу орындарына түсуінің нәтижелілігі бағаланатын кезеңде орта есеппен 100 %-ды құрайды, бұл іске асырылатын бейіндік пәндердің, қолданбалы курстар бағдарламаларының және таңдау бойынша курстардың тиімділігін дәлелдейді.

9-11 сынып оқушыларының оқу көрсеткіштерінің бірі,мжоғары және орта арнаулы оқу орындарына түсу болып табылады.

Түлектердің оқу орындарына түсуі туралы

№	Оқу жылы	9-сынып				11-сынып					
		Барлығы	колледж	10-сынып	грант	Барлығы	Колледж	ЖОО	Жұмыс істейтіні	ҚР әскері	грант
1	2022-2023	5	2	3	2	3	-	3	-	-	3
2	2023-2024	6	1	5	1	3	-	3	-	-	2
3	2024-2025	2				2					

Осылайша,мектепте өзінің болашақ қызметінің бейіндік бағытын таңдауға қатысты негізгі мектеп түлектерінің өзін-өзі анықтауын қамтамасыз ететін жағдайлар жасалады.

Білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру;

<u>Оқу жылы</u>	<u>Жыл басындағы оқушылар саны</u>	<u>Жыл соңындағы оқушылар саны</u>
<u>2022-2023оқу жылы</u>	<u>8</u>	<u>9</u>
<u>2023-2024оқу жылы</u>	<u>7</u>	<u>6</u>
<u>2024-2025оқу жылы</u>	<u>5</u>	<u>7</u>

2022-2023оқу жылы ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕББҚ)бар балалар оқу жылдың басында 8оқушы, оқу жылдың соңында 1оқушы(мүгедектік есебінде тұр) ПМПК қорытындысымен қосылды. Бір оқушыда жеңілдетілген ақыл ой кемістігі, ал қалған 8оқушыда психикалық дамудың тежелуі (ПДТ).

2023-2024оқу жылы ЕББҚ бар балалар саны 7оқушы болды. Бір оқушыны ПМПК есебінен шешілді. Бір оқушыда жеңілдетілген ақыл ой кемістігі, ал қалған 7оқушыда психикалық дамудың тежелуі (ПДТ).

2024-2025оқу жылы ЕББҚ бар балалар оқу жылдың басында 5оқушы, оқу жылдың соңында 2оқушы қосылды. 2оқушыда орташа дәрежедегі ақыл ой кемістігі, оның ішінде біреуі мүгедектік есебінде тұр. 2оқушыда шекаралық деңгейдегі ақыл ой кемістігі, қалған 3оқушыда психикалық дамудың тежелуі (ПДТ)

Кейбір оқушыларды біріктіріп топ құрылды, кейбіреулеріне жеке түзету-дамыту жоспары құрылып жұмыс атқарылды. Оқу жылының басында бастапқы және соңында қорытынды диагностика жүргізілді.

Жылда жоспарды құрғанда осы бағыттар қамтылды: танымдық процесстерді дамыту(ойлау, есте сақтау, зейіні, қабылдау), ұсақ-моториканы дамыту, эмоционалдық тұрақтылық пен өзін өзі реттеу.

Психологиялық релаксация, сенсорлық жаттығулар, арттерапия, струп тест, шульте, алфавит, қол алфавиті,графикалық жаттығулар, 4-ші артық, корректурная проба, жаңылтпаштар, лабиринт, айырмашылықты, табу, пазл жинау, ойындар, фонематикалық сөздер тізбегі, салыстыру, үлкен кішкентай сандар, раскраска және т.б. түрлі әдіс тәсілдер қолданылады.

Нәтижелері: Танымдық процестері біртіндеп дамып келеді, оқу мотивациясы өзін өзі бақылауы мен эмоционалдық еріктік сферасы артып келеді.

Ата аналарымен және сынып жеткшілерімен жеке кеңес өткізіліп тұрды.

2025 жылы 23 мұғалім инклюзивті оқыту бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Педагог-психолог мамандары, пән мұғалімдері, сынып жетекшілері оқушылармен үнемі жұмыс жүргізеді.

Оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың мақсаты-баланың оңтайлы дамуын қамтамасыз ету, қоғамға сәтті интеграция. Жалпы мектепте инклюзивті білім беруді іске асыру үшін қанағаттанарлық жағдайлар жасалған

8) "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсы зерделеу;

2022-2025 оқу жылында Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық) бұйрығы

